

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

МЕРЕЙЛІ АСТАНА



АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

12

МЕРЕЙЛІ АЛМАТЫ



«МАХАББАТ СЫРЫ»

13

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



ЖЫЛ ИЕСІ – «ҚАРАКӨК ҚОЯН»

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.03.2023

Түнде:



-6-8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
1-10 м/с

12.03.2023

Түнде:



0,-2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,-2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №34 (6327) 11 наурыз, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCx3M2x1Chx6Br1JgqyqeA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

Әлихан СМАЙЫЛОВ:

АЛМАТЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫ

отандық және шетелдік инвесторлар үшін тартымды саналады



Үкімет басшысы мектеп автобустарын шығаратын өндіріс орнын аралады

Премьер-Министр Алматыға жұмыс сапары барысында өндіріс нысандарының жұмысымен және құрылысымен танысып, шағын өнеркәсіп паркттері мен қаладағы индустриялық аймақ резиденттерімен кездесу өткізді.

2

ӘКІМ

АЛМАЛЫ АБАТТАНАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Алмалы ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Кездесуге 250-ден астам адам келді.

6-7

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Түймебаевты қабылдады.
- Президент Си Цзиньпинге ҚХР Төрағасы лауазымына қайта сайлануына орай құттықтау жолдауын жолдады.
- Сенатта су қауіпсіздігі мәселесі талқыланды.
- Үкімет қаулысы: елімізде Мұғалімдер күні 5 қазанда мерекеленеді.
- Алдағы парламенттік сайлауды бақылау үшін ЕҚЫҰ-дан Қазақстанға 400-ден астам бақылаушы келеді.
- Алматыда 3 мыңға жуық өнімділігі жоғары жұмыс орны ашылады.
- Қазақстан мен Тәжікстан маусымаралық кезеңде елімізге ерте піскен пияз жеткізу туралы келісімге қол қойды.
- Қазақстанда катодты мыс өндіретін ірі зауытты іске қосу жоспарлануда.
- «Қазгидромет» құрғақшылықты болжау мен алдын алудың ұлттық жүйесіне енгізілетін есептеу жабдығына ие болды.
- Қазақстанда 12 перинаталдық орталық салынып, 32 көпбейінді аурухана жаңғыртылады.
- Мектепке дейінгі және мектеп мекемелеріндегі ережелерге өзгерістер енгізілді.
- Оқу-ағарту министрлігі оқушыларға көмек көрсетудің жаңа тәсілін ұсынды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

НӨМІРДІҢ
НАҚЫЛЫ:

«АТА – ҰЛДЫ, АНА – ҰЛТТЫ
ТӘРБИЕЛЕЙДІ».



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды.

«Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы» акционерлік қоғамының жұмысымен танысты. Компания – General Electric компаниясының газ турбины бойынша стратегиялық серіктесі. Зауыт аумағында «Baker Hughes General Electric Company» сертификаттаған және BHGE мамандарының ұсыныстарына сәйкес заманауи технологиялық құралдармен жабдықталған қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Мұнда ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін Fregat себелеп суаратын машиналар өндірісін дамыту жобасын жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Президент жұмыс сапары барысында «Атамекен» мәдениет сарайындағы тарихи-шығармашылық мұралар көрмесін тамашалады. Сондай-ақ, жүз жасаған соғыс ардагері Иван Гапичпен және 96 жастағы өлкетанушы Жайсаң Ақбаймен кездесіп, әңгімелесті. Ардагерлердің өмір жолы халыққа қызмет етудің, ерен еңбектің, отансүйгіштіктің жарқын үлгісі саналатынын атап өтті.

Президент сонымен бірге, әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсат кен орындарының бірін игеріп жатқан «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В» консорциумының жұмысымен, Қарашығанақты кеңейту жобасымен, Ақсай қаласындағы «Petrol Valves Kazakhstan» ЖШС-нің өндіріс цехының жұмысымен танысты. Ақсай қаласындағы Жастар ресурстық орталығында өңірдің белсенді жастарымен кездесті.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата отырысында сенаторлар күн тәртібіне шығарылған мәселелерді қарап, депутаттық сауалдарын жолдады.

Палата депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екі оқылымда қарап, қабылдады. Бұл құжат мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға, мемлекеттік саяси қызметшілердің жауапкершілігін күшейтуге және сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алуға бағытталған. Сондай-ақ, заңда мемлекеттік органдарға келісім-шарттық қызметшілерді жұмылдыруға және ротациялау тетігін жетілдіруге қатысты ережелер де бар. Сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры шенберінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қарады. Талқылау нәтижесінде заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Депутаттар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстеріне қылмыстық сот төрелігі, жазаны орындау және азаптау мен қатыгез әрекеттердің алдын алу саласындағы адам құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын да қарап, нәтижесінде заң Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен қабылданды. Құжатқа енгізілген түзетулер Мемлекет басшысының Жолдауларынан туындайтын тапсырмаларды іске асыруға, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерінің нормаларын жетілдіруге арналған. Сенат енгізген 45 түзетудің қатарында азаптағаны үшін жауапкершілікті күшейтуге, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізуге, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық саласына және тағы басқа мәселелерге қатысты нормалар бар. Сондай-ақ, төтенше және толық қауіпсіз мекемелерде жазаны өтеу шарттары қайта қаралды.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайылов: «Ата-ана мектептегі баласының жағдайы мен қауіпсіздігі үшін алаңдамауы қажет».

Үкімет отырысында білім беру ұйымдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, орта білім берудегі оқу процесін цифрландыру бағдарлары қаралды. Балалардың қауіпсіздік жүйесін жетілдіру үшін білім беру ұйымдарындағы бірінші басшылардың дербес жауапкершілігін күшейту, олардағы бақылау-өткізу режимінің тәртібін айқындау, дағдарыс жағдайында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға баса назар аудару отырып, тәрбие жұмысын қайта форматтау және педагогтарды даярлау мен қайта даярлау бағдарламасына жаңа тақырыптық модульді енгізу жоспарлануда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Балаларды қорғау жөніндегі кешенді жоспардың жобасы әзірленді. Білім беру ұйымдарын дабыл кнопкаларымен және бейнебақылау жүйелерімен жабдықтауға, оларды полиция бөлімшелеріне қосуға, лицензияланған күзетпен қамтамасыз етуге қойылатын талаптар күшейтілді. Білім беру ұйымдарында қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты түрде мониторинг жүргізілмек. Үкімет басшысы осы жылдың I сәуіріне дейін мектептерді тиісті қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау жұмыстарын аяқтауы қажеттігін айтты. Ол үш күн мерзімде Үкіметке балаларды қорғау жөніндегі кешенді жоспардың пысықталған жобасын енгізуді тапсырды, оған уәкілетті органдардың ведомстваралық өзара іс-қимыл алгоритмін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар кіруі тиіс. Премьер-Министр 15 наурызға дейін Оқу процесін цифрландыру жөніндегі жол картасын қабылдау керектігін айтты. Онда оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру, мектептерді интерактивті жабдықтармен қамтамасыз ету, заманауи білім беру технологияларын енгізу жөніндегі шаралар көзделуі тиіс.

■ ЦИФРЛАНДЫРУ

Отбасының цифрлық картасын енгізудің нәтижесінде биыл 1 қаңтардан бастап 43 мыңнан астам адамға проактивті форматта мемлекеттік қызметтер көрсету үшін SMS-хабарлама жіберілді.

Бұл ретте өтінішсіз жәрдемақы немесе төлем алу мүмкіндігін 5,3 мың адам пайдаланды, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Бұрын хабарланғандай, Мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқық белгіленген кезде әлеуетті алушыға 1414 бірыңғай байланыс орталығынан SMS-хабарлама жіберіледі. Хабарлама алған азамат оған келісетіні туралы жауап беруі керек. Өтінішті ресімдеу және әлеуметтік жәрдемақы немесе төлем тағайындау автоматты режимде жүргізіледі, ақша қаражаты алушының банк шотына аударылады. Барлық сұрақтар бойынша 1414 нөмірі бойынша Call-орталыққа хабарласуға болады.

■ БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

Қазақстанда міндетті бейнебақылау Ережелері қабылданды. Қағидалар Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленіп, бұл азаматтардың құқығының бұзылуына қарсы тағы бір пәрменді тосқауыл.

Бас прокуратураның бастамасы бойынша қылмыстық қудалау органдары полицияның пенитенциарлық мекемелері мен қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ құқық қорғау органдарының барлық жедел-тергеу бөлімшелерінде бейнебақылау жүйелерінің жұмыс істеу (жарактандыру және пайдалану) қағидаларын бекітті, деп хабарлады мекеменің баспасөз қызметі. Нақты уақыт режимінде бейнежазбаларды қашықтан қарауға және бұзушылықтардың жолын кесу жөнінде жедел шаралар қабылдауға құқығы бар адамдардың тізбесі қалыптастырылды. Бұл шаралар Қазақстан ратификациялаған азаптауға қарсы халықаралық актілерге сәйкес келеді және тергеудің рұқсат етілмеген әдістерін болдырмауға бағытталған.

■ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

Әлихан СМАЙЫЛОВ:

АЛМАТЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫ

отандық және шетелдік инвесторлар үшін тартымды саналады



(Басы 1-бетте)

Үкімет басшысы жолаушылар, жүк және мамандандырылған техника шығаратын «Hyundai Trans Auto» ЖШС зауытына барды. Кәсіпорын 2011 жылы «Hyundai Motor Company» компаниясымен (Оңтүстік Корея) ынтымақтастық туралы меморандум аясында іске қосылғаны белгілі. Бүгінгі таңда зауыт республиканың жекеменшік компанияларына, коммуналдық ұйымдарына және мемлекеттік органдарына Hyundai, Golden Dragon және Foton көлік құралдарының кең желісін (реанимобильдер, өрт сөндіру машиналары, қызықтасатын көліктер, су таситын көліктер, эвакуаторлар, жүк көліктері) жеткізеді. Алдағы бірнеше жылда кәсіпорын басшылығы өндірісті кеңейтуді, жаңа жұмыс орындарын ашып, экспортты ұлғайтуды және локализациялау үлесін арттыруды жоспарлап отыр.

«Астана Групп» холдингінің президенті Нұрлан Смағұлов Премьер-Министрдің назарын бірқатар проблемалық мәселеге аударды. Атап айтқанда, өнім экспорты, Қытайдан Қазақстанға жүк тасымалдау және өндіруші-

лерге кәдеге жарату алымы бойынша берешекті төлеу мәселелері қозғалды.

Әлихан Смайылов Үкімет ел экономикасын одан әрі әртараптандыруды қолдайтынын және бұл зауыт осы жұмыстың бір мысалы екенін атап өтті. «12 жыл ішінде кәсіпорын нарықтағы өз позициясын едәуір нығайтты. Біз компанияның өнім желісіне инвестиция салу және оны кеңейту жоспарларын құптаймыз. Мемлекет басшысы қала әкімдігінің алдына халықтың жүріп-тұруына ыңғайлы көлікпен қамтамасыз етіп, экологияға тигізетін зардаптарды азайту міндетін қойды. Сондықтан бұл өндіріс тек қала үшін ғана емес, бүкіл республика үшін де зор маңызға ие», – деген Премьер-Министр көтерілген мәселелердің шешімін табуға жәрдемдесетінін айтты.

Қазіргі уақытта Оқу-ағарту және Денсаулық сақтау министрліктерінің тапсырысы бойынша «Hyundai Trans Auto» ЖШС зауытында Golden Dragon маркасының мектеп автобустары және Hyundai (H-1, H350) шағын автобусы базасында жедел жәрдем көліктері құрастырылып жатыр. Атап айтқанда, «Мектеп автобусы» пилоттық жобасы аясында

Алматы әкімдігі мектепке оқушыларды тасымалдау үшін 100 жаңа техника сатып алуды жоспарлап отыр. Барлығы 29 мектепте білім алатын 7,7 мың оқушыға жағдай жасау көзделген. Аталған автобустар заманауи қауіпсіздік құралдарымен жабдықталған. Бүгінгі таңда әрбір мектеп бойынша егжей-тегжейлі маршруттар белгіленіп, сонымен қатар балаларды отырғызу және түсіру үшін көліктің келу уақыты көрсетілетін арнайы аялдамалар дайындалуда.

Премьер-Министр білім беру сапасын арттырудың басты факторларының бірі әрбір оқушының қажеттіліктеріне бағдарланған және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жайлы мектеп ортасы екенін атап өтті. Сондықтан «Мектеп автобусы» пилоттық жобасы – осындай ірі мегаполистегі мәселенің дұрыс және уақытылы шешімі. Алматы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров атап өткендей, соңғы жылдары қаланың автокөлік жасау кластері жақсы қарқынмен дамып келеді: 2022 жылы өңдеу өнеркәсібінің 70%-ы автокөлік жасау есебінен қамтамасыз етілді (37,2 мың автокөлік өндірілді).

(Жалғасы 4-бетте)







AMANAT-қа

ДАУЫС БЕР

«AMANAT» партиясы

алматылықтардың барлық талап-тілегін ескереді!





Шығарған: «Alatau Aqarat» ЖШС-і.
Тапсырыс беруші: М.Б. Отыншев. Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған «AMANAT» партиясы Сайлау қорының қаражатынан төленді.

● МӘСЕЛЕ

ТАЗАЛЫҚ – САНАДАН!

Экологиялық мәдениетті дамыту маңызды

Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында Алматы көшелерінде гүл сататындар көбейетіні белгілі. Бұл жыл сайын қайталанатын үрдіс. Осыған орай жауапты мекемелер 7-8 наурызда бүкіл қала бойынша гүл сататын орындарды белгілеп, арнайы гүл-базарлар ұйымдастырған болатын. Күні кеше гүл саудасы аяқталғаннан кейінгі мына бір көрініс (суретте) қала халқының қоршаған ортаға деген көзқарасын байқатқандай.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қалтасының қамын ғана ойлап, қайтсем көп ақша табамын деген сатушылар көгалдар мен арық желілерінің ішін коқыс үйінділеріне толтырып кетіпті. Бұл «тосын сый» көктем шыққанда онсыз да жұмысы екі есеге көбейетін коммуналдық қызметтерге ұнамағаны белгілі. Өйткені, олар түнгі кезеңде және 9 наурыз күні таңертең қалалық қызметтердің барлық күштері қала аумағын тазарту жөніндегі тікелей міндеттерін орындаудың орнына стихиялық сауда орындарын тазартуға және осы учаскелерді санитарлық нормаларға сәйкес келтірумен айналысты.

Сырт көзге оңай көрінетін шығар, бірақ алып шаһардың келбетін үнемі бақылауда ұстап, дер кезінде тазалап отыру оңай шаруа емес. Таңмен таласа тұрып, қала көшелерін тазалауға кірісетін коммуналдық көріктендіру қызметтері Алматыны барынша таза ұстауға тырысады. Бірақ қоршаған ортаға немқұрайлы қарайтын тұрғындар оларға күтпеген жерден жұмыстар тауып беріп жатады.

«Сана тазармай, қала тазармайды» деген. Мына көріністерден кейін қаланың тазалығы өзімізге байланысты дегеннен артық ештеңе айта алмадық. Есесіне, Алматының тыныс-тіршілігіне немқұрайды қарайтын тұрғындарды қоғам болып жөнге салатын кез жеткенін сезіндік. Әйтпесе, тазалық мәселесі шет мемлекеттерде өте жақсы жолға қойылған. Мәселен, Оңтүстік Корея көшелерінде коқыс жәшігі мүлде болмайды. Өйткені, кәрістер коқыс шашқан адамға 300 мың вон, яғни 100 мың теңгеге жуық айыппұл төлетеді. Міне, осындай талапты бізде де енгізу қажет. Қоршаған ортаға зиян келтіргендерге заң талабы бойынша жаза тағайындап, айыппұл төлеттіру қажет. Бәлкім, сонда кез келген жерге коқыс тастауды тоқтатып, айналамыз тазара түсер.

Сұрықсыз көрініс алдағы уақытта қайта-



ланбас үшін Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым басқармасы қала аумағында жүргізілген кез келген іс-шаралардан, жұмыстардан немесе саудадан кейін арнайы бөлінген жерлерде тазалық пен тәртіпті қалпына келтіруді қамтамасыз ету жұмыстарын қолға алуға шақырып отыр.

«Бұдан былай қала көшелері мен қоғамдық жерлерді бейберекет лаптап және белгіленген жерге қоқыс тастағаны үшін, яғни көріктендіру ережелерін сақтамағаны үшін құқық бұзушылар ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 505-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын еске саламыз», – дейді ведомство өкілдері.

Алматының тазалығы – қала мәдениетінің бір бөлігі. Өйткені, мәдениет бар жерде қалаға деген жанашырлық, сүйіспеншілік болады. Ол үшін бізге экологиялық мәдениетті дамыту керек. Жетіспей жатқаны, осы...



Алматы қалалық
мәслихатқа
Әуезов ауданы,
№8 округінен үміткер

Менің кәсіпкер ретінде әртүрлі саланы қамтыған үлкен тәжірибем бар. Тұрғын ретінде қаланың тұрмыс-тіршілігіне бей-жай қарай алмаймын. Қаланың мәселелерін өз шамама қарап әрдайым көтеріп отырамын. Сырттан бақылаушы болғым келмейді.

Қаламызда мектеп, балабақша және емханалар жетіспейтіні және кадр тапшылығы бар екені белгілі. Экология мәселесі бір төбе. Жол сапасы және көгалдандыру ақсап тұр. Қоғамдық көлік, автотұрақ жетіспеушілігі тағы бар. ҰИК, МИБ, ЖС жұмыстары тұрғындарды қанағаттандырмайды. Мақсатым осы проблемаларды шешуге атсалысу.

«Тау шатыр» МИБ-нің төрағасымын. Сондықтан тұрғын үй проблемасын ішінен білемін. Қала бюджетін жасақтауда тұрғындардың пікір ұсыныстары ескерілуі керек.

Кәсіпкермін, мамандығым инженер-технолог. Отбасымда 7 ұл-қыз, 7 немерем бар. Әуезов ауданының тұрғынымыз. Қала тұрғындарының жағдайын жақсартатын уақыт келді. Мен осы жолда аянбай еңбек етуге уәде беремін!

Сайлауға келіп өз таңдауыңызды жасаңыздар!

Жарқын болашақ үшін әр дауыс маңызды!

Құрметпен, Манашев Алихан Абенұлы.

Мекенжайым: Алматы қаласы, «Жетісу-3» шағынауданы, 1 «Б» үй
Байланыс телефоны: 8 (727) 376-76-99, 8 701 750 43 10.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат А.А.Манашевтің жеке қаражатынан төленді.
Тапсырыс беруші: А.А.МАНАШЕВ.

● БРИФИНГ

ТАБИҒАТТЫҢ ӘДЕМІ СЫЙЫ

гүл жұлғандарға айыппұл салынады



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы тауларында көз қуанытып бәйшешектер гүл ашты. Ал жақында көкнәр мен басқа да өсімдіктер гүлдейді. Ғалымдар тұрғындарды табиғат сыйлап отырған осындай сұлулықты сақтауға шақырып отыр.

Сонымен қатар, Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте өсімдіктер әлемінің мамандары «Қызыл кітапқа» енген гүлдерге салынатын айыппұл көлемін еске салып, сирек кездесетін өсімдіктерді сақтау үшін қорғалатын, буферлік және рекреациялық аймақтарды ашу туралы пікір білдірді.

Ж.Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ФЗИ өсімдіктерді биологиялық қорғау бөлімінің меңгерушісі Нұржан Мұхамадиев көктем шыққанда азаматтардың үйдегі басқосулардан гөрі, табиғат аясына се-руендеуді көбірек таңдайтынын айтты. Ондайда адамдардың белгілі бір ережелерді ұстану керектігін естен шығармағаны жөн деп отыр маман. Н.Мұхамадиев қаланың әдемі флорасы мен фаунасына зиян келтірмей, одан эстетикалық ләззат ала білуге шақырды.

«Біз фитосанитарлық қауіпсіздікпен айналысамыз. Алматыда «Қызыл кітапқа» енген емен ағаштары өседі. Олар зиянкестерден қорғауды және емдеуді қажет етеді. Қаламызда және тау бөктерінде эндемикалық қылқан жапырақты ағаш – ширенка шырышасы өседі. Ол тек біздің тауларда ғана өмір сүреді. Қала аумағы ұлғайып, шаруашылық және құрылыс жұмыстары да қарқын ала бастағандықтан, қар астынан шығатын бәйшешектерді қорғау мәселесі де туындауда. Олардың өсетін аймағы тарыла бастағандықтан, жойылу қаупі төніп тұр. Көктем әсерімен табиғатқа шығып жатқан демалушылар гүл жарған бәйшешектерді жұлып алады. Бәйшешектер түйін түрінде, тұқымымен таралатындықтан, олар көбейіп те үлгермейді. Олардан бөлек, крокустар мен ирис гүлдері де

жойылу алдында тұр. Бұл өсімдіктердің барлығы қорғауды қажет етеді», – дейді Нұржан Мұхамадиев.

Ғалым оларды қорғау үшін тек биологиялық құралдар қолданып, дәрі-дәрмекпен өңдеп қана қоймай, сонымен қатар тау бөктерінде буферлік және қорғалатын аумақтар құруды ұсынып отыр. Сондай жолмен Алматы мен Іле Алатауы табиғатының биологиялық сан түрлілігін сақтауға болады дейді. Бұл жерлерде сирек кездесетін ағаштар мен гүлдер еркін көбейе алады. Осындай аймақтардың арқасында қызғалдақтарды сақтауға болады екен.

Айтпақшы, Қазақстан қызғалдақтардың отаны болып саналады. Олар осыдан 10 миллионнан астам жыл бұрын Тянь-Шань тауының бөктері мен қазіргі Қазақстан аумағында пайда болған. Дәл осы жерден қарапайым, бірақ ерекше гүлдер бірте-бірте бүкіл әлемге тараған деседі.

Ж.Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ФЗИ сондай-ақ өсімдіктердің ПТР-диагностикасымен айналысады. Сол арқылы ауырып тұрған ағаш, өсімдіктерді анықтап, оларды емдеу үшін қандай дәрі-дәрмекті, қандай дозада қолдануға болатыны туралы ұсыныстар береді. Институтта фитосанитарлық және гербологиялық мониторинг жүргізіледі.

Ал өз кезегінде сөз алған гербология кафедрасының аға ғылыми қызметкері Марат Болтаев бәйшешектің барлық түрінің, тіпті қаладағы кез келген аулада өсіп шыққандары да «Қызыл кітапқа» енгенін атап өтті. Оларды жұлға болмайды. Өйткені, бәйшешектер 2016 жылдан бастап «Қызыл кітапқа» енгізілген. Оларды жұлғаны үшін әкімшілік (ақшалай айыппұл), тіпті қылмыстық жауапкершілік (шектеу немесе үш жылға бас бостандығынан айыру) жазасы қарастырылған.

«Біздің аймақта аппақ бәйшешектер, Ала-тау жауақазыны, Алматы шикылдағы, Алтай ашықтұқымды өсімдігі бар. Олардың нақты санының есебі жүргізілмейді. Бірақ олардың таралу ауқымы азайып бара жатқаны анық. Кейбір түрлері бір ғана үлгіде кездеседі», – деді Марат Болтаев.

Журналистердің сұрақтарына жауап берген Нұржан Мұхамадиев бәйшешектерді топырағы бар арнайы ыдыспен сатуға болады, бірақ жұлып алып сатуға қатаң тыйым салынғанын тағы бір атап өтті.



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

Әлихан СМАЙЫЛОВ:

АЛМАТЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫ

отандық және шетелдік инвесторлар үшін тартымды саналады

(Басы 1-2-беттерде)

Бұл ретте өткен жылдың қараша айында Мемлекет басшысы қытайлық Changan, Chery және Haval брендтерінің жаңа автокөлік зауытының құрылысын іске қосты, ол 2025 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар, аталған кезеңде автокөлік компоненттері мен құрамдас бөліктерін өндіру бойынша тағы төрт жобаны іске қосу көзделген. Жалпы, 2026 жылға қарай қалада жылына 150 мыңға дейін автокөлік шығару жоспарланып отыр. Бұл ретте 3 мыңға жуық өнімділігі жоғары жұмыс орны ашылмақ.

Бұдан әрі Үкімет басшысы «Valtherm» ЖШС жоғары қысыммен құю әдісін қолданып, Қазақстандағы алғашқы алюминий және биметалл жылу радиаторларын шығаратын зауыт құрылысының барысымен танысты. Жобаға салынған жалпы инвестициялар – шамамен 15 млрд теңге.

Зауыт өнімі беріктігі мен жылу беру бойынша Қытайда шығарылып, Қазақстанға әкелінетін баламалы радиаторлардан 40–50%-ға асып түседі деп күтілуде. Компания 430 жаңа жұмыс орнын ашуды, отандық құрылыс компанияларының сұранысын ішінара қамтамасыз етуді және көрші елдерге тасымалдауды жолға қоюды жоспарлап отыр. Бірінші кезеңде кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 7,2 млн радиатор болса, ал толық қуатына шыққаннан кейін көрсеткіш 15 млн-нан аспақ. Биылғы шілдеде құйма өндірісін іске қосу көзделген.

Әлихан Смайылов қала әкімдігі қайта өңдеу деңгейі жоғары осындай импортты алмастыратын өндірістерді дамытуға ерекше назар аударуы қажет екенін атап өтті. Атап айтқанда, аталған зауытты іске қосу Қазақстанның басқа елдерден радиаторлар жеткізуге тәуелділігін төмендетуге елеулі үлес қосады.



Бұл ретте Үкімет басшысы осы бағытты қолдау үшін елден алюминий сынықтарын бақылаусыз шығарудың жолын кесу және сумен жылыту құралдарына міндетті сертификаттауды енгізу жөніндегі шаралар пысықталатынын айтты.

Жалпы, Премьер-Министрдің айтуынша, Алматының индустриялық аймағы отандық және шетелдік инвесторлар үшін тартымды саналады. Осыған байланысты мемлекет оның дамуына белсенді түрде жәрдем көрсетуді жалғастырмақ. Бүгінгі таңда қала

әкімдігі оның аумағын 194 гектарға кеңейтуде. 2023 жылдың соңына дейін мұнда қажетті инфрақұрылымның барлығын құру жоспарланып отыр: теміржол, инженерлік желілер және т.б. салынады. «Өткен жылы республика бойынша біз 150-ден астам индустриялық жобаны іске асырдық, бұл \$2 млрд-қа импортты алмастыруға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Биыл мұндай жобалардың санын 170-ке дейін арттыру жоспарланып отыр. Бұл \$2,9 млрд-қа импорттың орнын ауыстыруға мүмкіндік береді», – деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар, Премьер-Министр шағын өнеркәсіп парктері мен қаланың индустриялық аймағы тұрғындарымен кездесті, онда Үкімет басшысына бөлмеаралық есіктер шығаратын зауыттың жұмысы, заманауи ғылыми-өндірістік жылыжай кешенінің құрылысы, сондай-ақ тамшылатып суару жүйелерін құру, кондитерлік өнімдер мен қағаз қаптамаларын шығару жөніндегі жобалар туралы айтылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР
үшін жеке инвестицияларды тарту аса маңызды

Әлихан Смайылов Алматыға жұмыс сапары аясында Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығы мен Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығы құрылысының барысымен танысып, «CHAMPION» жаңа спорт кешеніне барды.

350 төсек-орынға арналған Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығының құрылысын 2023 жылдың соңында аяқтау жоспарланып отыр. Стационардан басқа, онда ғылыми-зерттеу және оқу орталықтары, зертханалар, медициналық университеттердің кафедралары және т. б. орналасатын болады.

Жаңа орталықта жұқпалы аурулар, пульмонология және фтизиатрия саласында сапалы медициналық көмек көрсетіледі, зерттеулер жүргізіліп, мамандар оқытылады, озық медициналық технологиялар пайдаланылып, дәрілік препараттар сыналады. Бұдан басқа жаңа нысан базасында республикадағы эпидемиологиялық ахуалды бақылау үшін ахуалдық орталық ашу жоспарлануда.

Премьер-Министр ДДҰ мәліметтері бойынша жыл сайын 2 млрд адам жұқпалы аурулармен ауырып, 50 млн-нан астам адам қайтыс болатынын айтты. «Орталықтың ашылуы туберкулезден ғана емес, жалпы басқа да жұқпалы аурулардан, оның ішінде аса қауіпті аурулардан болатын сырқаттанушылық пен өлім-жітімді азайтуға мүмкіндік береді. Алматы әкімдігі орталықты ашу мәселесін

ерекше бақылауда ұстауы қажет», – деді Әлихан Смайылов.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова денсаулық сақтау саласын дамыту аясында 2025 жылға дейін полиорталық қағидаты бойынша 16 емхана салу жоспарланып отырғанын, онда республикада алғаш рет МСАК бірыңғай стандарты енгізілетінін баяндады. Бұл 300 мыңнан астам адам үшін алғашқы медициналық қызметтерді қолжетімді етеді.

Бұдан басқа, 2030 жылға дейін қолданыстағы 25 көп салалы және мамандандырылған стационардың инфрақұрылымы кезең-кезеңмен жаңғыртылатын болады. Сондай-ақ, 5 көп салалы стационар (нейрохирургия, инсульт орталығы, эндопротездеу, травматология және ортопедия) базасында арнайы орталықтар құру және басқа да бірқатар қадамды іске асыру жоспарлануда.

Премьер-Министр салынып жатқан Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығына барды. Мұнда 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер қосымша білім алады. Үйірмелерде балалар ғылым мен техника, музыка, шығармашылық, тіл және спорт сияқты бағыттар бойынша өзін-өзі дамытады. Сонымен қатар, орталықта психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті жұмыс істейтін болады.

Әлихан Смайылов қала әкімдігіне қосымша білім беру саласындағы көшбасшылықты одан әрі нығайту үшін тиісті орталықтар желісін арттыру, оқушыларды тегін үйірмелермен, спорт секцияларымен және аула клубтарымен қамтуды кеңейту қажет екенін атап өтті.

Қайырымдылық бастама аясында салынған «CHAMPION» жаңа спорт кешенінде бассейн, ойын және спорт залдары, бес фитнес аймақ, кафе бар және келушілерге қызмет көрсету үшін тағы басқа да мүмкіндіктер қарастырылған. Спорт кешені күніне 700 адамға дейін қызмет көрсете алады. Жоба әртүрлі форматтағы жаттығулар мен жарыстарды өткізу, сондай-ақ ниет білдірушілердің барлығына, әсіресе әлеуметтік осал топтағы балаларға спортпен шұғылдануға мүмкіндік беру үшін іске асырылғаны айтылды. Үкімет басшысы мұндай әлеуметтік жобаларға жеке инвестицияларды тарту аса маңызды екенін атап өтті, өйткені бұл Алматыны салауатты өмір салтын ұстанатын қала ретінде нығайтуға үлес қосады. Жаңа спорт кешендерінде ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін барлық жағдай жасаудың маңыздылығын айтты. «Алматылықтар спортпен шұғылдануды жақсы көреді. Жылдан-жылға жалпы дене шынықтырумен айналысатын адамдар саны артып келеді. Бұл үрдісті қолдау керек. Әкімдік ересектер мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға да назар аударуы керек. Олар үшін салынып жатқан дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінде спортпен шұғылдану және оңалту үшін барлық қажетті жағдай көзделуге тиіс», – деді Премьер-Министр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● АССАМБЛЕЯ

Георгий ИОРДАНИДИ,

ҚХА мүшесі, «Филиа» Қазақстан грек қоғамдары қауымдастығының жетекшісі:

БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ ТІРЛІК БОЛАДЫ



Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанды құруды ұсынды. Мен мұны қолдаймын. Себебі, еліміздің дамуын тоқтатпауымыз керек. Осы жолда әрбіріміздің даусымыз маңызды.

Мәжіліс және мәслихат сайлауы өткелі жатыр. Оған да бір кісідей атсалысайық. Өйткені, баршамыз өз таңдауымызды жасасақ, дауысымызды беріп мықты ел екенімізді көрсетсек, нұр үстіне нұр болмақ. Сонда сырттан келген бақылаушылар бізге оң көзқарас

танытып, бірлігіміздің мықты екендігін көреді.

Әділетті Қазақстанды іспен құрған жөн. Бұл бағытта оң дүниелер атқарылып келеді. Ең бастысы, сананы жаңғыртқан абзал. Дәп сонда ғана елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтындар шығады.

Қазақ елі – біздің ортақ үйіміз. Мұнда ғұмыр кешіп жатқан әрбір ұлт пен ұлыс мұны ұғады деп білемін. Дүниенің қай жеріне барсақ та, елге оралуға асығып тұрамыз. Өйткені, қарашаңырақ осында. Мұны айтуымның өз жөні бар. Себебі, әділетті қоғамның орнап, бейбітшілік салтанат құрып, заң үстемдігі жүріп тұрса, нұр үстіне нұр болады. Сонда ғана әлгі айтылған мақсаттарды іс жүзінде іске асырамыз.

Әуелі саяси тұрақтылық қажет. Елдің іші де, сырты да тыныш болсын. Осы сөздің астары терең. Меніңше, көзіқарақты адам айтылған ойдың астарын бірден ұғады. Одан кейін шағын және орта кәсіпке қолдауды аямайық. Өзіміз де уақытында бизнеспен шұғылдандық. Макарон өнімдерін шығардық.

1991 жылдың басында егемендік алдық. Елде ахуал қиын-тұғын. Ақша жоқ, тауар аз болатын. Жақын адамдардың ұсынысы бойынша макарон өндіріп, саттық. Сол уақыттағы нарықтағы бағасы 50–60 теңге еді. Сөйтіп, Көкшетау, Ақтөбе, т.б. қалаларға жөнелттік. Сапасын да қадағаладық. Қанша дегенмен, тамақ өнімі болған соң, жауапкершіліктің жоғары болу керектігін сезіндік. Бұдан айтпағым біреу. Мен қазір 71 жастамын. Өмірдің көбін сүрдік. Десе де, аттан түстім демейміз. Бар ойым шикізатқа тәуелділіктен арылып, өнім өндіретін кез келді. Ертеңгі күні қазба байлығымыз таусылса, жағдай не болары түсінікті. Ол жағын жақсы білесіздер. Ең бастысы, импортты азайтып, экспорттаушы мемлекетке айналу керек.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

● САЙЛАУ – 2023

Түбегейлі өзгерістер қажет. Бұл – «Ақ жол» демократиялық партиясының негізгі ұстанымы. Күні кеше Алматыдағы М.Ганди атындағы саябақта «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев, партия төрағасының орынбасары Қазыбек Иса және Мәжіліс пен жергілікті мәслихатқа үміткерлер бастаған партияның республикалық штабының мүшелерінің қатысуымен партияның саяси бағдарламасын қолдауға арналған бейбіт шеру өтті. Шеруге партия қолдаушылары мен қала тұрғындары да қатысты.



«АҚ ЖОЛ» ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҚОЛДАЙДЫ

Биыл 19 наурызда өтетін Сайлауға «Ақ жол» партиясынан шамамен 700-дей кандидат қатыспақшы. «Ақ жол» – Қазақстандағы «Алаш» ұлттық идеясын ұстанатын, Алаш қайраткерлерінің ізін жалғастырушы бірден-бір партия. Ал Тәуелсіздік бастауында – қазақ халқының еркіндігі мен елдігінің негізінде алаштықтардың ұлттық идеясы жатыр. Партия жетекшілері қазақ елі үшін Алаштан артық идея жоқ екенін алға тартады. «Ақ жол» демпартиясының депутаттары 2007 жылдан бастап Тәуелсіз Қазақстанның парламенттік мінбесінен Алаш ұстанымдарын мемлекеттік деңгейде көтеріп келе жатыр. Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы фракциясының жетекшісі, саяси ғылымдар кандидаты Азат Перуашевтың айтуынша, өзі жетекшілік ететін партияның жылдан-жылға көтеріп жүрген көптеген мәселелері біртіндеп шешімін табуда, тек сабырлылық пен мақсатқа жету жолында табандылық таныту керек.

«XX ғасырдағы «Алаш» республикасының көшбасшысы, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан: «Мемлекеті жоқ халық – жетім халық» деген. Ал біздің кең байтақ жеріміз, жеке мемлекетіміз бар. Барымызды бағалап, елімізді өркениетті, прогресшіл мемлекетке айналдыру – біздің басты міндетіміз. Қазақ Республикасының Тәуелсіздігін қамтамасыз ету және ұлттық мүддені қорғау – әр азаматтың борышы. Тәуелсіздік деген – еліміз, жеріміз және оның байлығы, мемлекеттік тіл және қоғам бірлігі. Тәуелсіздік деген – өз жолынды, өз тағдырынды таңдау мүмкіндігі, бұл – ұрпақтарымыздың болашағы үшін жауапкершілік. «Ақ жол» партиясы Алаш қайраткерлері салған сара жолды таңдайды. Біз парламенттік республиканы қалаймыз.

Еуропалық жолды таңдау себебіміз, халықтың өмір сапасын жақсартқымыз келеді, қоғам мен билік арасын жақындатуды көксейміз. Халықтың Үкіметке деген сенімі нығайса екен дейміз», – дейді Азат Тұрлыбекұлы.

«Ақ жол» прагматикалық партия ретінде сыбайлас жемқорлық, байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық, экономика мен саясаттағы олқылықтар жайлы үнемі биік мінберлерде мәселе көтеріп, бұл дерттердің өздігінен жойылмайтынын, әділетті қоғам құруға күш-жігер, қыруар еңбек керектігін айтудан танған емес.

«Біз алған бетімізден қайтпай, өз ұстанымымыздың дұрыс екенін дәлелдеп келеміз. Бір ғана мысал келтірейін, өткен аптада жеке тұлғалардың банкроттық туралы Заңы күшіне енді. «Ақ жол» партиясы мұндай заңды 2014 жылдан бастап қабылдау қажеттілігі туралы мәселе көтерді. Жыл сайын біз заңға қатысты ұсыныстарымызды жіберіп отырдық, бірақ парламенттегі көпшілік заңды қабылдауға асықпады. Ал сол кездерде бірқатар экономикалық дағдарыстардан кейін мыңдаған адамдар жұмысынан айырылып, табыстары төмендеген еді, қаншама адам үй алу мақсатында несие алды. Мұның соңы жақсылыққа апармады. 2021 жылы бір борышкердің сот орындаушыларына оқ атқанына куә болдық. Несиесін төлей алмаған жас ана балаларына, өзіне қол жұмсады. Енді міне, заң қабылданып, күшіне де енді. Біз жеке тұлғаның банкроттық туралы Заңы қабылдану үшін 9 жыл уақыт жұмсадық», – дейді партия жетекшісі.

Алдағы уақытта да «Ақ жол» партиясы өз ұстанымдарынан таймақ емес.

«Ақ жол» ҚДП сайлау қорының қаражатынан төленді.

Жер қойнауын пайдаланушылардың жұмысы ашық болуы тиіс

Референдумнан кейін Конституцияның 6-бабына «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» нормасы бекітілді. Алайда, іс жүзінде бұл норма әлі жүзеге аспауда.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) өзінің сайлауалды бағдарламасында стратегиялық ресурстар мен жер қойнауын бақылау үшін табиғи қазбаларды өндіру және экспорттаумен айналысатын салаларды біртіндеп мемлекет меншігіне алу бағытын жариялауға ниетті. Ұлттық өңдеу өнеркәсібіне басымдық берілетін болады.

Тұрғындармен кездесу барысында ЖСДП атынан партия тізімі бойынша кандидат Анаргүл Әбеннова: «Табиғи ресурстарды игеру жөніндегі шарттар мен келісім-шарттарды қайта қарау қажет. Әділетсіз келісім-шарттар қайта қаралатын болады, ал Қазақстан үшін кесірін тигізетін шарттар бұзылатын болады. Барлық келісім-шарттар тек Қазақстан аумағында жасалады және тіркеледі, ал олар бойынша барлық төлемдер тек отандық резидент банктер арқылы жүргізіледі» деп атап өткенді.

ЖСДП бағдарламасында ұлттандыру процесі халықаралық құқық пен ұлттық заңнама шеңберінде, жеке меншік иелері алған кейінгі кірістермен, сондай-ақ олардың техникалық жаңғыртуға және әлеуметтік инвестицияларға қосқан нақты үлесімен салыстыра келе, сонымен қатар жекешлендіру шарттарын ескере отырып жүргізілуі тиіс екендігі көрсетілген.

ӨСАБ-қа (Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы) сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар өздерінің кәсіпорындары орналасқан және жұмыс істейтін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына бағытталған жобаларды қаржыландыру туралы ақпаратты ашық қолжетімділікте жариялауға тиіс.

Бірақ қолданыстағы заңнамада әлеуметтік инвестицияларды халықпен пайдалану шешімдерін талқылау және келісу жөніндегі қызметті рет-



тейтін норма жоқ. Қаржыны қайда бағыттау керектігі туралы шешім жергілікті әкімдік пен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы меморандумдарда бекітілген. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық фактісінің орын алуына себепші болады. Тәжірибе көрсеткендей, жергілікті әкімдіктер көбінесе жеке компаниялардың мүдделерін қолдайды.

ЖСДП ұсынысы бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған

барлық келісім-шарттар мен келісімдерге және өнімді бөлуге қатысушыларға екі жылдық мерзім белгіленуі қажет, оның барысында бұл құжаттар коммерциялық құпиядан өзара шығарылып, жариялануы тиіс. Осы мерзім өткеннен кейін мемлекет жер қойнауын пайдалануға әділ салық салу режимін белгілей отырып, осындай қадамға біржақты тәртіппен баратын болады.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының сайлау қоры қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: Т.Д.САМБЕТБАЙ.



ӘКІМ

АЛМАЛЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев

(Басы 1-бетте)

Тозған желі ауыстырылып,
жол жаңарады

Коммуналдық инфрақұрылымды модернизациялау мәселесі Алмалы ауданы үшін де өзекті болып қала береді. Биыл Алматы әкімдігі 50 шақырым электр желілері мен 5 шақырым су құбырларын жаңартады. Бұл шешім Алмалы ауданының электр желілерінің тозуын азайтудың және апаттар мен оқиқылықтардың алдын алады. Ал ауданның тозған жылу желілеріндегі жөндеу жұмыстарының көлемі екі есеге артады. Өткен жылы Алматы қаласының Алмалы ауданында әкімдік 58,5 шақырым электр желісін ауыстырып, 60 қосалқы станцияны реконструкциялады. Бұл деректерді қала әкімі Ерболат Досаев қала тұрғындарымен кездесуінде айтты. Оның мәліметтері бойынша, 2022 жылы ауданда 566 апат, ал 2023 жылдың алғашқы 2 айында ауданның электр желілерінде 15 апат тіркелген.

Осыған байланысты биыл ауданда тағы 50 шақырым желі жаңартылып, 28 қосалқы станция қайта жаңартылады. Бұл ауданның электр желілерінің орташа тозуын 81%-дан 61%-ға дейін төмендетеді. Сондай-ақ, ағымдағы жылы тағы 5 шақырым тозған су құбыры желілерін жаңарту және жеке сектордың алты көшесінің бойында 2 шақырымнан астам көріз желілерінің жаңа құрылысын бастау жоспарлануда.

«Өткен қыста ауданда жылу желілерінде 4 ірі апат тіркелді, сондықтан биыл біз ауданның тозған жылу желілерінде жөндеу жұмыстарының көлемін екі есеге ұлғайту міндетін қойып отырмыз», — деп атап өтті қала басшысы.

Өткен жылы ауданның жол-көлік инфрақұрылымын дамыту үшін жалпы ұзындығы 15 шақырым 18 көшеге орташа жөндеу жүргізілген. 1,3 шақырым тротуар желісі салынып, сегіз мекенжай бойынша тротуарлар ретке келтірілген. Шаһар басшысының айтуынша, биыл Алмалы ауданында тағы бірқатар көше орташа жөндеуден өтеді.

«2023 жылы жалпы ұзындығы 16,6 шақырым болатын 26 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз», — деді ол.

309 жаңа автобус шығады

Қала әкімдігі тұрғындардың тілектерін ескере отырып, былтыр 2 автобус маршрутының қозғалыс сызбасына өзгерістер енгізген болатын. 10 жаңа аялдама жабдықталған. Қыркүйекке дейін тағы 7 жаңа аялдама орнату жоспарға енген. Биыл жылжымалы құрамды жаңарту мақсатында Алмалы ауданының аумағынан өтетін 18 маршрутқа 309 жаңа автобус (оның ішінде «Алматыэлектротранс» — 226, жеке меншік тасымалдаушылар — 83 автобус) сатып алу жоспарда бар. Нақтырақ айтқанда, №12, 30, 56, 80, 124, 59, 70, 77, 118, 32, 92, 37, 44, 99, 18, 19, 17, 13 маршруттардағы автобустар жаңартылады.

Қауіпсіздік — басты назарда

Өткен жылы аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында

541 СВМ бейнекамерасы орнатылған. Биыл ауданда қосымша 700–800 жаңа бейнекамера орнату жоспарда бар.

Алмалы ауданы тұрғындарымен кездесу барысында қала басшысы жол қауіпсіздігін жақсарту үшін қолданыстағы 178 «Сергек» кешеніне 2023 жылдың бірінші тоқсанында тағы 38 кешенді қосу көзделіп отырғанын айтты. Мәселен, 2022 жылы жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Байсейітова, Абылай хан, Тілендиев, Бөгенбай батыр, Төле би, Розыбакиев, Құрманғазы, Гоголь көшелері бойынша 13 жаңа бағдаршам орнатылды.

Шаһар басшысы қолда бар қажеттілікке байланысты әкімдікте 2023 жылдың мамыр айының соңына дейін тағы 16 бағдаршамның құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуді жоспарлап отырғанын атап өтті. Құрылыс-монтаж жұмыстарын 2023 жылдың қыркүйегінде бастау жоспарлануда.

Ауданда сыртқы жарықтандыруды орнату және жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Өткен жылы бұрын жарығы болмаған 14 көшеде 13,8 шақырым сыртқы жарықтандыру желілерінің құрылысы аяқталды. Сонымен қатар, Байтұрсынов пен Розыбакиев көшелерінде 7,2 шақырым сыртқы жарықтандыру модернизацияланды. Ағымдағы жылы СЖЖ құрылысына ЖСҚ әзірлеу үшін жарықтандырылмаған 10 көшенің тізбесі дайындалды.

Жаңа мектеп бой көтермек

Әкімдіктің тұрақты бақылауында ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту мәселелері тұр. Оқушы орындарының тапшылығын азайту үшін өткен жылы 2 мектепке 850 орынды 2 қосымша ғимарат салынып, 850 орынды жеке мектеп ашылды.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев баяндамадан кейін дәстүрлі түрде сұрақ-жауап сессиясына көшті.

Алғашқы болып сұрақ қойған Алмалы ауданының тұрғыны №20 балабақшаға жөндеу жүргізуді өтінді.

— Мен №20 балабақшаға немеремді апарамын. Бұл жер өте ескірген. Балабақша екі ғимараттан тұрады, олар күрделі жөндеуді қажет етеді. Мені әже ретінде балаларға арналған даладағы ойын алаңы мен ондағы жабдықтар алаңдатады. Сондықтан мұнда күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, алаңдағы ойын жабдықтарын толығымен ауыстыру керек. Балабақша мекенжайы: Абылай хан мен Жамбыл көшелерінің қиылысы.

Айтылған сұраққа Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева жауап берді.

— Қала орталығында орналасқан балабақша тұрғын айтқандай екі ғимараттан тұрады. Бір ғимарат 1938 жылы салынған, ол 2006 жылы сейсмикалық күшейтуден өтті. Ал екінші корпус ешқандай жөндеу жұмыстары істелмеген. Қазір біз балабақшаны толығымен қайта құру мәселесін қарастырып жатырмыз, мүмкіндік болса биыл өтінім беріп, жобалауды бастаймыз, — деді Л.Жылқыбаева.

Нұрсұлу есімді тұрғын ауданда орналасқан мектептің жағдайына шағымданды.

— Құрметті Ерболат Асқарбекұлы, менің аты-жөнім — Нұрсұлу Айтбекова. №136 мектеп-гимназиясының ата-аналары атынан келіп отырмын. Гимназия ашылғалы бері ешқандай жөндеу көрмеген. Осы оқу жылында жөндеу жүргізіле ме? Екіншіден, спорт алаңдарының шаңы шығып жатыр. Соған үсті жабық спортзал салып берсеңіздер.

Қала әкімі бұл сұрақты қарастыратынын айтты.

— Осы жылы 2 мектептің жөндеу жұмыстарын бітіреміз. Ал №136 мектептің жобасын биыл бастаймыз. Жобалау-сметалық құжаттама жасалғаннан кейін қаражат бөліп, тиісті жұмыстарды бастаймыз. Бірақ осы жылы бітіріп үлгермейміз. Екінші сұрағыңыз бойынша, спортзалды жобаның ішінде қарастырып көрейік.

Кезекті аудан тұрғындарының бірі зақымданған Димаш муралын жөндеуге рұқсат сұрады.

— Сәлеметсіз бе, менің аты-жөнім — Эмина Кожамұратова. Мен продюсер әрі сәулетшімін. Біздің орталық үйірімізді жөндеген аудан әкіміне үлкен рахмет, бірақ бұл жөндеу жұмыстары кезінде 65 ел білетін Димаш муралы қатты зақымданды. Біз осы сенбіде оны қалпына келтіргіміз келеді. Соған камералардың алдында ресми рұқсат берсеңіз.

Шаһар басшысы тұрғын ұсынысын қолдайтынын айтты.

— Мен бұл бастаманы қуана қолдаймын. Аудан әкімі сіздерде ПИК (пәтер иелерінің кооперативі) немесе МИБ (мүлік иелерінің бірлестіктері) болса, үй тұрғындарын жинап, сенбі күні жұмыстар жүргізуге көмектеседі, — деп жауап берді Е.Асқарбекұлы.

Келесі тұрғын «Тұлпар» базарының мәселесін қозғады. — Біздің базар жанарғалы жатыр. Мен өзім сонда сауда жасаймын. Бірақ бізден 1 сәуірге дейін орын босатуды сұрайды. Пандемия, логистика мен сауда байланыстарының бұзылуы сынды сыртқы жағдайларды ескере отырып, базардағы жұмысты 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартуға рұқсат беруіңізді сұраймыз. Сонымен қатар, көршілес жерде заңсыз сауда орыны бар, соған да шара қолдансаңыз, — деді ол.

— Базар иелерімен жаңғыртуды бастау туралы жасалған барлық уағдаластықтар бойынша мерзімдер заң бойынша сақталуы тиіс. Базар иелері модернизацияға ақша салуы керек, бұл «Тұлпар» базарына да қатысты. Ал базарда сауда жасайтын адамдар кәсібін жоғалтпауы үшін жөндеу жұмыстары кезінде басқа нүктелерге ауыстырылады. Модернизация қажет деп санаймын. Біз оны жылдан-жылға ауыстыра береміз, олай болмайды. «Тұлпар» базары құрылғалы бері бірде-бір рет жөндеу жұмыстарына қаражат салмаған. Базар қазіргі күйінде қалада бұдан былай жұмыс істей алмайды, — деді Е.Досаев.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ДИАЛОГ АЛАҢЫ:





АБАТТАНАДЫ

Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесті



Биыл Райымбек даңғылы мен Әуезов көшесі қиылысындағы аумақта 1,5 мың орынды жаңа мектептің құрылысы басталды. Нысан 2024 жылы пайдалануға беріледі.

Ауданның екі мектебіне әрқайсысы 300 орынды қосымша құрылыс салу жобасы әзірленіп жатыр. Шілде айында №15 гимназияны сейсмикалық күшейтіп, күрделі жөндеу аяқталады және тамыз айына дейін №136 мектеп-гимназияны күрделі жөндеу, сейсмикалық күшейтуге жобалау-сметалық құжаттама әзірленеді.

Мектепке дейінгі білім беруді дамыту үшін өткен жылы 290 орынды 5 жекеменшік балабақша ашылып, №7 балабақшаны сейсмикалық күшейту аяқталды. Сейсмикалық күшейтумен күрделі жөндеу ағымдағы жылдың күзінде тағы бір балабақшада аяқталады.

Мәуленов көшесі, 57 мекенжайдағы қайтарылған бұрынғы балабақша ғимаратын

күрделі жөндеуден өткізіп, сейсмикалық күшейтуге арналған ЖСҚ мамыр айында сараптамадан шығады, 2023 жылдың күзінде құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталады.

Қала әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесуінде 2024 жылы бұрынғы теміржол ауруханасының ғимаратында заманауи «Қалалық балаларды оңалту орталығы» ашылатынын мәлімдеді. IV тоқсаннан бастап ғимаратты қайта жаңарту басталып, келесі жылы аяқталады.

Жыл соңына дейін Әйтеке би көшесіндегі ескі ғимаратты бұзып, ревматологиялық орталықтың орнында 500 келушіге арналған жаңа емхана салу жобасы әзірленеді. Құрылыс 2024 жылдың көктемінде басталады.

Ең көп дауыс жинаған 17 жоба орындалады

Биыл Алмалы ауданында жайлы қалалық

орта құру үшін 77 аула ретке келтіріледі. Қазіргі таңда қоғамдық кеңістікті жаңарту жұмыстары жалғасып жатыр.

«Мамыр айында Күләш Байсейітова атындағы жаяу жүргіншілер көшесінде өткен жылы басталған жөндеу жұмыстары аяқталады. Бірінші жартыжылдықта Әлия мен Мәншүк скверін реконструкциялау жұмыстары және тағы 6 сквер мен Дүйсенов көшесіндегі жаяу жүргіншілер көшесін жаңғырту мен көгалдандыру жұмыстары басталады», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 800 млн теңгеге 39 жоба іске асырылды. 2023 жылы тұрғындардың өтінімдері бойынша ең көп дауыс жинаған 17 жоба орындалатын болады.

Алматы қаласының әкімі ағымдағы жылы қаланың барлық аудандары үшін «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыру және оның тиімділігін арттыру үшін қосымша 7 млрд теңге бөлінетінін атап өтті.

ТҰРҒЫНДАР БЕЛСЕНДІ

Алмалы ауданының әкімі Ержан Сейтенов бұл сұрақты нақтылап өтті.

– Базар жалға алушыларының өтініші бойынша осымен модернизация мерзімі төрт рет кейінге қалдырылды. Сондықтан бұл жолы біз 1 сәуірден бастауға ниеттіміз. Жалға алушыларға басқа сауда орындарында тегін сауда жасау ұсынылады.

– Қала әкімшілігі сіздерге басқа базарларға көшуге көмектеседі, бірақ модернизация мен қайта құруды кейінге қалдыру мүмкін емес. Инвестор табылды. Бәрі ретке келген соң, қалыпты жағдайда жұмыс істейсіздер, ал қалада заманауи сауда алаңы ашылады. Аудан әкімі айтқандай, жөндеу 4 рет кейінге қалдырылды, бірақ ештеңе болған жоқ. Қала енді күтпейді, ол жерді жаңғырту қажет. Сондықтан әзірге көшу керек болады. Заңсыз базар бойынша мен Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасына тапсырма беремін. Барлық мән-жайды анықтап, тиісті шаралар қолдансын, – деді шаһар басшысы.

Өз кезегімен сұрақ қойған келесі тұрғын көліктердің аула кіреберісін жауып қалатынын айтып шағымданды.

– Менің есімім – Ернар. Розыбакиев 72 мекенжайы бойынша Жамбыл көшесімен қиылысатын үйдің тұрғынымын. Былтыр аудан әкімімен кездескенбіз. Содан бері біздің аула бойынша ешқандай шешім қабылданабады. Төтенше жағдай техникаларының аулаға кіру мәселесі тұр. Үйдің екі жағында кіреберіс жол бар. Сол жолдардың екі жағында да ресторандар орналасқан. Олардың көлік қоятын тұрақтары жоқ. Ресторанға келген қонақтардың бәрі екі жақ кіреберіске көліктерін қояды. Былтыр өрт болғанда екі жақтан да төтенше жағдай көліктері кіре алмай қалды. Осы мәселеге қандай шешім бар және қашан қабылданады?

Айтылған сұраққа аудан әкімі Ержан Сейтенов жауап берді. – Мен сіздермен кездескенде айтқан едім, өздеріңіз шешім қабылдасаңыздар, тосқауыл (шлагбаум) қоя аласыздар. Оны біз шеше алмаймыз, өздеріңіз ғана шешесіздер. Екіншіден, біз тізім жасадық және жөндеуді қажет ететін аулалардың 100 пайызын жасаймыз. Былтыр араладық, биыл жұмыстарды бастаймыз, – деді Е.Сейтенов.

– Аудан әкіміне ресторан қожайындарымен сөйлесуді тапсыра-

мын, қай жерге көлік қоюға болатынын, қай жерге болмайтынын белгілесін. Жұмыстарды жүргізіп, тұрғындармен бірге шешім табыңыздар. Аудан әкімшілігіне, Полиция департаментіне және Қалалық мобильділік басқармаға тапсырма беремін, – деп толықтырды Ерболат Асқарбекұлы.

Кезекті тұрғын қаланың дизайн-коды туралы сұрады. – Алматының дизайн-кодын қабылдағанын нақтылағым келеді. Ол қазірдің өзінде қабылданды ма? – деді тұрғын.

Алматының дизайн-код жобасын наурыз айының соңына дейін әзірлеу жоспарланып отыр. – Оны әлі қабылдаған жоқ. Мен уәде еткенімдей, наурыз айының соңына дейін біз оны аяқтаймыз. Сосын жобаны қоғамдық талқылауға ұсынамыз. Осыдан кейін әкімшілік барлық түзетулер мен ұсыныстарды енгізіп, оны қала мәслихатына бекітуіне ұсынамыз.

● ТҮЙІН:

Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Шаһар басшысы тұрғындар тарапынан қойылған жолдарды жөндеу, кәріз және электр желілерін абаттандыру және т.б. мәселелердің ешқайсысын жауапсыз қалдырған жоқ. Әрбір тұрғынның сауалы бойынша сала басшыларына тапсырма берді. Біз сауал қоюға кезек күткен көпшілікке қарап, тұрғындардың белсенділігін байқадық. Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді.

Әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Досбол АТАЖАН.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Биыл «Жайлы мектеп» жобасы аясында

1,5 мың орынды жаңа мектептің құрылысы басталды



«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын жүзеге асыру үшін биыл қаланың барлық аудандарына қосымша

7 млрд теңге бөлінеді



2023 жылы **50** шақырым электр желісі мен **28** қосалқы станция қайта жаңартылады



Ағымдағы жылы жалпы ұзындығы **26** көшеге жол төсемін орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі



Қыркүйек айына дейін **7** аялдама кешенін орнату жоспарда бар



Алмалы ауданында **700** жаңа бейнекамера орнатылады



БАЙҚАУ

БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ!

Халқымызда «Бұлақ көрсен, көзін аш» деген жақсы бір сөз бар. Осынау баталы сөз өнер бәсекесінде талай бүлдіршінге қарата айтылды. Талантты бүлдіршіндердің тұсауы кесіліп, талай-талай бұлақтың көзі ашылды. Мектепке дейінгі мекемелер арасында өткен III «Театрдың ғажайып әлемі» атты өнер байқауында қаламыздың мектепке дейінгі мекеме бүлдіршіндері мен педагогтар қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Дәстүрге айналған байқау балаларды театр мәдениетімен таныстырып, театрлық іс-әрекет арқылы шығармашылық белсенділіктерін дамытуға жағдай жасауды мақсат етіп отыр.

Жыл сайын көктемнің қыспен қоштасып, жазбен достасар тұсында өнердің де өрісі белең алады. Әсіресе, шығармашылық байқауларының басым көпшілігі көктеммен тұспа-тұс келіп жатады. Алматы қалалық Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен өнер байқауы да жоғары деңгейде өтті. Театрландырылған шығармашылық байқаудың шартына сай өнер көрсеткен мектепке дейінгі мекеме ұжымдары кәсіби әртістерден кем түспей, өзіндік шеберліктерімен көпті тәнті етті. Осынау байқауда өзінің өнерімен «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан Әуезов ауданындағы Гүлмира Сәлімханова басшылық етіп отырған №64 бөбекжай-балабақша ұжымы қалалық байқаудың бас жүлдесін жеңіп алды.

– «Театрға барсаң, тазарасың» деген тәмсіл бар ғой. Ал сол театрдың сахнасындағы қойылымның кейіпкері болу тіпті басқаша екен. Біз бүкіл ұжым болып осынау байқауға әзірлік барысында, талай нәрсені үйрендік. Іздендік, сезіндік, еңбектендік. Алдымен осы ертегінің мазмұнымен танысып, әрбіріміз өзіміздің образымызды ашуға тырыстық. Сценаридегі сөздің мәтініне, мәніне ден қойып, көрерменнің жүрегіне жеткізуге тырыстық, – дейді қойылымның «бас режиссері», балабақша меңгерушісі Гүлмира Қабылбекқызы.



Бұған дейін №64 бөбекжай-балабақша ұжымы сахналаған «Қар ханшайымы» қойылымы Әуезов ауданы балабақшалар арасында бас жүлдені жеңіп алып, қалалық байқауға жолдама алған еді. Өнерпаз ұжымның өнерін қалалық көрермендер де жоғары бағалап, бас жүлдеге ие болды. Бұл барлық ұжымның бірлескен еңбегінің жемісі. «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, бүкіл ұжым үлкен бір театрға айналды. Аталмыш балабақшаның әдіскері Балжан Ұлдарханқызы, музыкалық жетекші Айғаным Есентаева, қойылым жетекшісі Бибігүл Ахмадиева мен хореограф Жібек Нұпбаева, балабақша қызметкерлері Бахыт Болтайқызы, Меруэт Абназарова, Гүлмира Темірханқызы, Балжан Ұлдарханқызы, Айдана Сәрсенханқызы, сонымен қатар «Мектеп алды тобы» тәрбиеленушілері өз өнерлерімен көпшіліктің көзайымына айналды.

ЖАҢА СТАНДАРТ



Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері де мұғалімнен еш кем емес. Олардың да өздерінің жұмыс жоспары, өткізетін түрлі ертеңгіліктері, ашық іс-қимыл сабақтары, семинар, ашық есік күндері дейсіз бе, толып жатыр. Енді міне, тәрбиешілер атқаруға тиіс жұмыс сәл де болса жеңілдеп, толтыруы тиіс құжаттар саны үш есе қысқаратын сыңайлы.

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ - БАЛАБАҚШАДАН!

Сонымен, жаңа тізім бойынша тәрбиешілер тек мына құжаттарды ғана толтыруы қажет. Оқу жылына арналған перспективалық жоспар (жылына бір рет толтырылады), тәрбие-оқу процесінің циклограммасы (бір аптаға толтырылады), диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды өлшеулердің) нәтижелері бойынша оқу жылына арналған баланың жеке даму картасы (қажеттілікке қарай толтырылады).

Сонымен қатар, биылдан бастап мемлекеттік тапсырыс алғысы келетін барлық балабақшаға қосымша талаптар енгізілді. Бұдан былай өртке және терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жағдай жасау, дабыл түймесі мен ішкі дауыстық ескерту жүйесі мен міндетті түрде бейнекамералар орнатылуы керек. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар жасау, балабақша ғимараттары мен үй-жайларының санитарлық нормаларға сәйкестігі, балаларға қолайлы пәндік дамыту ортасын қалыптастыру үшін балабақшаларды қажетті құрал-жабдықтармен және жиһаздармен жабдықтау, медициналық көмек көрсетумен қамтамасыз ету мәселесі де басты міндет.

Кезегі келген ата-аналар балабақшаға жолдама алар кезде тізімнен өздері қалаған балабақшаны таңдай алады. Яғни ата-аналардың балабақшаны таңдауына қарай, қаржы мөлшері де соған қарай бөлінеді.

Мектепке дейінгі мекемелердің соңғы жаңалығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа Мемлекеттік стандарты мен үлгілік бағдарламалары қабылданды. Жаңа стандартқа сай балабақшалар күн тәртібін өз еріктерімен әзірлейтін болды. Бұл өз кезегінде тәрбиешілерге оқыту мен тәрбиелеуде әртүрлі тәсілдерді қолдануға, минут сайын қатаң кестеге байланып отырмай, күні бойғы балалардың ойыны мен оқу жаттығуларын өзінше ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Балабақшалар білім беру сапасын да өздері бағалайды.

Аттестациядан өткенде, олардың стандартты орындауы, үлгілік оқыту бағдарламасын игеруі, оның сапасы, балабақшадағы орын мен топ саны сияқты өлшем шарттар қаралады. Балабақшалар өздерінің мүмкіндігін, кемшін тұстарын – критерийлер арқылы бағалап, жұмыстарын жоспарлай алады. Біле білгенге, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің еңбегі ұшан-теңіз.

Бұдан былай балаларды балабақшаға 2 жастан бастап қабылдайтын болды. Бұған дейін мемлекеттік дотация тек 3–6 жастағы балаларды қамту үшін берілетін еді. Сонымен қатар, әлеуметтік аз қамтылған және тамақ ақысын төлей алмайтын отбасылардың балалары балабақшаларда тегін тамақтанатын болды. Бұл аз болса да әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға жасалып жатқан қолдау.

ҰСТАЗДАР КҮНІ

КӘСІБИ МЕРЕКЕ
БЕКІТІЛДІ

Үкімет еліміздің мұғалімдерінің кәсіби мерекесі күнін нақтылап берді. Бұдан былай Қазақстандағы мұғалімдердің кәсіби мерекесі 5 қазан болып бекітіліп, осы күні тойлайтын боламыз. Осы уақытқа дейін елімізде мұғалімдер күні мерекесін қазан айының бірінші жексенбісінде атап өтетін едік. Енді бұл мереке әлемнің 100-ден астам мемлекеті атап өтетін Дүние жүзілік мұғалімдер күніне орайластырылып отыр.

Жалпы, қоңыр күзбен қатарласа келетін осынау Мұғалімдер күні білім беру саласындағы барша қызметкерлерге ортақ мереке. Бұл күні ұстаздарымыздың қоғамның дамуына қосып отырған рөлі мен еңбегі, зор үлесі атап өтіледі. Оқу ағарту министрлігінің нақты мәліметінше, қазіргі таңда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 556 мың педагог еңбек етеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дүниежүзілік мұғалімдер күнін бекітуге 1966 жылы 5 қазанда Парижде өткен Мұғалімдердің мәртебесі туралы арнайы үкіметаралық конференция ұйытқы болды. Нәтижесінде ЮНЕСКО мен Халықаралық еңбек ұйымының өкілдері «Мұғалімдердің мәртебесіне қатысты ұсыныстар» құжатына қол қойды. Дүниежүзілік мұғалімдер күні алғаш рет 1994 жылы 5 қазанда атап өтілді.

КОНФЕРЕНЦИЯ



ҒАСЫР ЖАСАҒАН МЕКТЕП

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында тұңғыш ашылған қазақ мектептерінің бірі – Шалкөде орта мектебінің 100 жылдығына арналған «Шалкөде-100 жыл: тарихы, бүгінгі мен даму болашағы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Елімізде алғаш рет мектептер ашыла бастаған тұста 1923 жылы Шалкөдеде төрт кластық шағын мектеп ашылған еді. Сайдың ішінде орналасқан мектептің екі мұғалімі, 20-ға жуық оқушысы болды. Сосын колхоздар бірігіп, мектеп 7 жылдық, сосын 10 жылдық болып құрылады. Кейін өз алдына жеке Киров атындағы мектеп болып, Мәлікаждар Құлмұханбетов басшылық етеді. Осы мектептің ыстығына күйіп, суығына тоңған жан жазықсыз жала жабылып, істі де болады. Ол кісінің басынан кешкен қиын тағдыры туралы «Мектеп ашып, бала оқыттым бар кінәм» деген кітапта кеңінен баяндалған.

Қазір ол кітап мектеп мұражайында тұр. Кейін мектепті Мәлікаждардың ұлы Жүнісхан Құлмұханбетов он жылдай басқарды. Аталмыш мектеп сол уақыттың өзінде республика бойынша математиканы тереңдетіп

оқытатын мектеп болған. Еліміздің түкпір-түкпірінен оқушылар келіп, интернатта жатып оқыған көрінеді. Қазіргі таңда 1966 жылы салынған мектеп Шалкөде орта мектебі деп аталады. Онда 360 оқушы білім алса, 43 мұғалім еңбек етеді. Қазір мектеп жаратылыстану, гуманитарлық бағытта білім береді. Мектептің өткені мен бүгінін қамтыған мұражай бар. Онда өткеннен сыр шертетін мұрағаттар қойылған. Шалкөденің тұтас тарихы, мектептің тарихы, сол өңір тұрғындарының тыныс-тіршілігі түгел тұр деуге болады.

Мектепте еңбек еткен ұстаздар мен түлектер, Ұлы Отан соғысына қатысқан мектеп түлектері, жауынгерлер, жазықсыз жапа шеккендер, батыр аналар туралы мәліметтер бар. Еліміздің дамуына үлес қосқан талай мектеп түлегі бұл өмірден өтіп кеткенімен, соңында өшпес ізі қалды. Мектептің мақтанышына айналған физика-математика ғылымының докторы, профессор Әужан Сақабеков, Рима Жакеева, Шарғын Алғазыұлы, Батық Мәжитұлы, т.б. талай түлек еліміздің дамуына өз үлестерін қосып, түрлі салада еңбек етіп жатыр. Мектепте бір кездері ақиық ақын Мұқағали Мақатаев орыс тілінен сабақ берген. Жас маман Лашынмен танысып, көңіл қосқан. «Ақынның өшпес жырларының дені осы мектепте қызмет етіп жүргенде жазылған еді», – дейді көзкөргендер.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«МӘТІН ТЕРІП, КӨП АҚША ТАБУ»

фейк айла-амалдардың бірі

Байқадыңыз ба, әлеужеліде, нақтырақ айтқанда Instagram-да компьютерде мәтін теру арқылы көп ақша табуға болатыны туралы жарнамалар көбейді. Айтуларынша, мұндай қызметтер «Қазақстан кітапханасына» қажет-мыс. Алайда, бұл жарнаманың барлығы өтірік.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ІС ЖҮЗІНДЕ ЖОҚ БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНЫП ЖАТЫР

Біріншіден, біздің елде «Қазақстан кітапханасы» деп аталатын кітапхана жоқ. Демек, іс жүзінде жоқ кәсіпорын қызметкерлерді қабылдай алмайтыны айтпаса да түсінікті. Екіншіден, қарапайым мәтін теру үшін қыруар ақша төлейді деген сөз де ақылға сыймайды.

Иә, қазір екінің бірі «ақша тапсам, жағдайымды түзесем» деп қосымша табыс табуға ынталы. Сол себепті, шамасы келгендері екі-үш жерде жұмыс істеп жүр. Мына жарнаманы көргенде «мәтінді жылдам теру қолымнан келеді, неге қосымша ақша таппасқа?» деген ой менде де болды. Сөйттім де, бейнежазбадағы көзілдірік киген ақ шашты «апа» отырған парақшаның төменгі жағындағы «Подробное» батырмасын басып «кімге хабарласу керек?» деп смс жаздым. Бір күн өтті, екі күн өтті. Ешкім хабарласпаған соң жарнама туралы парақшаны мүлде өшіріп тастадым. Сөйтсем, бұл шын мәнінде, жалған ақпарат екен. Кейін білдім.

Аталмыш жарнамаға қатысты Stopfake.kz сарапшылары оқырмандарымызға мұндай жалған жұмыс берушілерді анықтайтын бірқатар мәліметтермен бөлісті. Мәселен, мен смс жазған парақшадағы қызметтерін жарнамалаған екен. Осы жарнамадан кейін іле-шала желіде «бастауыш сынып мұғалімі Наталья Петровна» мәтіндер теру арқылы 23 мың рубль тапқаны туралы айтқан видеосы тарады. Демек, ол алдын ала дайындалған мәтінді оқитын актриса болуы мүмкін.

Мәтін теріп, көп ақша табу – алаяқтардың айла-амалдарының бірі. Олар әдетте нақты жұмыс берушілерге қарағанда әлдеқайда жоғары жалақы төлеуге уәде етеді. Ал қызмет үшін ақы төлейтін кезде, олар алдымен «кепіл» ретінде аз мөлшерде ақша жіберуді сұрайды. Аударымды алғаннан кейін, алаяқтар байланысты тоқтатады. Қорыға айтқанда, бұл жарнама алаяқтардың ісі. Сондықтан мұндай күмәнді ұсыныстарға сенудің қажеті жоқ.

Алаяқтар көбінесе сілтеме арқылы өтіп төлем жасауды ұсынады. Алайда, бұл дұрыс емес. Банкинг қызметіне кіру үшін өзіңіздің қойған парольдеріңізді жиі ауыстырып отырғаныңыз жөн. Банкердің өзі ұсынатын 3D-қорғаныс қызметін пайдалана отырып, мобильді қосымшалар арқылы шоттарыңызды жиі тексеріп отырыңыз. Телефонныңызға лицензиясы бар антивирус бағдарламасын орнатып алған да артықтық етпейді. Парольдерді күрделі етіп құрып, пайдаланудың да маңызды екенін ескеріңіз.

Тағы бір айта кететін жайт, телефоныңызға «баладан қорғаныс» функциясын орнатқан артық болмайды. Қорыта айтқанда, интернеттегі жеке бас деректерін шектеп, құпия деректерді интернет арқылы беруден сақ болған жөн. Егер сіз немесе сіздің таныстарыңыз алаяқтардың құрбаны болса, оқиға туралы дереу полицияға 102 нөміріне хабарласыңыз.

КЕРЕК КЕҢЕС

Егер сіз немесе сіздің таныстарыңыз алаяқтардың құрбаны болса, оқиға туралы дереу полицияға 102 нөміріне хабарласыңыз.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Статистикаға сүйенсек, бүгінде халықтың 90%-ы интернет қолданады. Сондықтан мамандар әлеуметтік желідегі алаяқтықтан сақтанудың бірнеше жолы бар екенін айтып, мынадай қауіпсіздік шараларын қаперде ұстау керек деп кеңес береді.

- Ешқандай жағдайда өзін банк қызметкері немесе құқық қорғау органдарының өкілі ретінде таныстырып, телефон арқылы нұсқау беретін адамдардың сөзіне сенбеу керек.

- Құқық қорғау органдары ешқандай арнайы операцияны телефон арқылы жүргізбейді. Сондықтан пластик картаның реквизиттері, ақша аударымын жасағаны туралы түбіртектер, кодтар мен кілт сөздер сияқты жеке бастың деректерін ешкімге, тіпті банк пен құқық қорғау қызметкерлеріне де беруге болмайды.

- Жеке деректерді бейтаныс, тексерілмеген сайттарға енгізуге, сонымен қатар ақпаратты телефон арқылы да жіберуге болмайды.

- Тексермей тұрып алдын ала төлем жасамаңыз. Тауарды алғаннан кейін ғана ақысын жіберген жөн.

- Күдікті келісім үшін ақша аударуға, табыс көзі ашық көрсетілмеген қаржылық схемаларға қатысуға болмайды. Ұялы телефонға тек App-Store, Play market арқылы жүктелген қосымшаларды орнатып, қолдану қажет.



ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Бейтаныс нөмірден келген немесе экранға қайта-қайта шыға беретін спам-хабарламаларға жауап беруге, сілтемелерге кіруге болмайды.

КЕРЕК ДЕРЕК

БІЗДЕ ЖҰМЫС БАР

Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетіне:

- ғимараттарға кешенді қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшы;
- кадрларды даярлау жөніндегі инженер керек.

Тел.: 8 (727) 323-11-75, 8 775 763 81 18

«ЦПК» коллекторлық агенттігі» ЖШС-не:

- заңгер қажет.

Тел.: 8 707 171 00 03, 8 747 238 84 69

Б.Момышұлы атындағы «Жас ұлан» Алматы республикалық мектебіне:

- кітапханашы қажет.

Тел.: 8 (727) 309-73-65, 8 702 626 01 94

«Астана-Моторс» мотор компаниясы» ЖШС-не:

- заңгер керек.

Тел.: 8 (727) 330-72-73

«SARCHIVAUDIT» ЖШС-не:

- мұрағат ісі бойынша әдіскер керек.

Тел.: 8 (727) 311-99-26, 8 707 799 89 91

«ГЕЙТУЭЙ ВЕНЧЕРС (СИ.ЭЙ.) ЛТД» ЖШС-не:

- көмекші (жалпы профиль бойынша) керек.

Тел.: 8 (727) 356-10-00, 8 777 950 87 22

«Қазпошта» АҚ-ның Алматы филиалы – «Алматы почтамтына»:

- кадрлар бөлімінің басшысы (персоналды басқару) керек.

Тел.: 8 (727) 259-88-99, 8 777 262 30 04

«Tengri LLC» ЖШС-не:

- заңгер керек.

Тел.: 8 771 761 39 58

«Қазтелерадио» АҚ-на:

- 1 с бағдарламашы керек.

Тел.: 8 (727) 244-45-00

«KCEJL» АҚ-на:

- бағалаушы-сарапшы керек.

Тел.: 8 (727) 258-27-55

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-на:

- сақтандыру агенті керек.

Тел.: 8 (717) 295-56-56

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржы ұйымы» ЖШС-не:

- ақпараттық-есептеу жүйесі бойынша инженер керек.

Тел.: 8 (727) 331-74-74, 8 701 301 81 84

«Өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына:

- костюмер;
- мәдени ұйымдастырушы керек.

Тел.: 8 (727) 374-03-98

«ЖЕМЧУЖИНА-СТОМ» ЖШС-не:

- тіс техникі;
- медбике, медбрат керек.

Тел.: 8 (727) 382-42-98, 8 705 180 70 17

«БЕККЕР және К» ЖШС-не:

- мерчендайзер;
- қолмен ораушы;
- аспаз;
- жартылай ет фабрикаларын дайындаушы;
- қосалқы жұмысшы;
- жүк тиеуші;
- наубайшы керек.

Тел.: 8 (727) 392-01-83, 8 701 888 10 71

Алматы қаласының мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы паркинг коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына:

- іс жүргізуші керек.

Тел.: 8 707 906 35 45, 8 708 970 66 08

«Трансавиа сервис» ЖШС-не:

- бухгалтер-кассир керек.

Тел.: 8 (727) 315-34-01

Дебиторлармен жұмыс жөніндегі «Коллекторлық агенттік» ЖШС-не:

- несие инспекторы керек.

Тел.: 8 (727) 346-89-11, 8 707 232 67 50

«МФА-акцепт» ЖШС-не:

- аудитор керек.

Тел.: 8 (727) 247-63-40, 8 777 005 90 41

«Педагог академиясы» қоғамдық бірлестігіне:

- логопед-дефектолог керек.

Тел.: 8 701 316 76 54, 8 776 147 72 72



ҚОРШАҒАН ОРТА

«ШЫМБҰЛАҚ»

тау шаңғы курорты аумағына көліктердің кіруі шектеледі

Жалпы, бензин және дизель отынымен жүретін көліктердің ауаны ластаудағы «үлесі зор». Зерттеушілердің айтуынша, қозғалтқышы қосұлы тұрған көлік бір сәтте ауаға 200-ден астам зиянды зат таратады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қалалық әкімдік таратқан мәліметке сәйкес, көлік жүктемесі мен қоршаған ортаға антропогендік әсерді азайту мақсатында Алматы қаласының әкімдігі 2016 жылғы 8 сәуірдегі №2/122 «Алматы қаласының кейбір аумақтарына көліктің кіруін шектеу туралы» қаулысына өзгерістер енгізілді. Өзгерістер 2023 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енеді.

Электрлі қозғалтқыш автокөліктері (электромобиль) мен шұғыл, жедел, коммуналдық және арнайы қызметтер мен арнайы техникадан басқа көліктердің барлығына тау шаңғы курорты аумағына кіруге шектеу қойылады.

Қолданылған шаралар көліктен шығатын ластағыш заттардың көлемін азайта отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақта қоршаған ортаға тигізетін кері әсерді төмендетуге мүмкіндік беретін болады. Еске сала кетейік, бұған дейін сол жердің тұрғылықты тұрғындары мен жекеменшік иелеріне қозғалтқыш типіне қарамастан «Шымбұлақ» ТК аумағына кіруге рұқсат етілетін.

2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап «Медеу» МАТП аумағында орналасқан кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғаларға тиесілі және (немесе) соларға қызмет көрсететін көліктерге шектеу күшіне енеді. Осы орайда шағын және орта бизнес субъектілеріне электр қозғалтқышты көлік сатып алу үшін «Алматы» ӘКК» АҚ қарасты «Алматы» МҚҰ» арқылы 7 жылға дейінгі мерзімге 6% жылдық мөлшерлемен 30 млн-ға дейін кепілді жеңілдетілген несие алу мүмкіндігі беріледі. Бұрышкердің жеке меншігі сатып алынатын көлік құралының 50%-ынан кем болмауы тиіс.

Іштен жанатын сұйық отынды қозғалтқышпен жүретін көліктердің жүрісін шектеудің негізгі мақсаты – зиянды шығындыларды азайтып, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны тиімді пайдалану. Халықаралық тәжірибеге сәйкес мұндай экологиялық аумақтар «зиян шығындылардың төмен деңгейі аумағы» дегенді білдіретін «Low Emission Zone» (LEZ) белгісімен белгіленеді. Шетелде LEZ жүйесі жыл бойы 24/7 демалыс күндері де әрекет етеді.

«Шымбұлақ» тау шаңғы курорты Іле Алатауы шатқалында теңіз деңгейінен 2260 м биіктікте, Алматы қаласының орталығынан 25 шақырым жерде орналасқан. Жазда ауаның орташа температурасы +20С, қыста -7С. Қардың орташа қалыңдығы 150 см-ге дейін жетеді, жылына 90% күн шуақты. Теңіз деңгейінен 3163 метр биіктікте көтергіштер болады. Екі қапталда қарлы беткейлер мен мәңгі жасыл Тянь-Шань шыршалары өскен керемет таулар бар.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

АУАНЫҢ ЛАСТАҢУ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

«Казгидромет» РМК ақпаратына сәйкес 2022 жылы Алматы қаласы бойынша атмосфераны ластау индексі 5-ті құраған. Бұл қаладағы ауаның ластану деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Жылына 127 мың тонна есептік шығарындылардың 70 мың тоннасы автокөліктерге тиесілі, 46 мың тонна – стационарлы ластау көздеріне (оның ішінде ЖЭО-2), шамамен 11 мың тонна – жеке секторға тиесілі. Автотранспорт атмосфераны ластаудың негізгі көзі болып отыр. Қазіргі кезде Алматыда шамамен 560 мың автомобиль тіркелген, (оның ішінде электромобиль саны – 958), күн сайын қала аумағына 200 мыңнан астам көлік кіреді. Ал оның 58%-ының қолданыс мерзімі 14 жылдан 40 жылға дейінгі мерзімді құрайды.

САРАПШЫ ПІКІРІ



Еркін ЖАЙЛАУБЕКОВ, логистика және көлік академиясының профессоры:

БАСТАМАНЫ ҚОЛДАЙМЫН

Алматы қаласының экологтарын Шымбұлақ курорттық аймағының жағдайы аландатады. Инфрақұрылымның дамуы, тау шаңғысы туризмі нысандарын жаңғырту мен салуға байланысты көліктен, машинадан және тұрмыстық қалдықтан шығатын ластаушы заттар табиғатқа кері теріс әсер етеді.

Аспалы жол енгізілсе де, курорт аймағына жеңіл автокөліктер мен автобустар кіреді. Аймақта бензин және дизельді қозғалтқышы бар машиналар мен механизмдер жұмыс істейді. Олар қоршаған ортаны қорғау курорттық

аймағының ауасын ластайды. «Шымбұлақ» курорттық аймағының ауасын қорғау бойынша белгілі бір іс-шараларды қабылдау қажет.

Осындай іс-шаралардың бірі «Шымбұлақ» аймағына автокөліктің кіруін шектеу болып табылады. Көлік экологиясы жөніндегі маман ретінде Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының «Шымбұлақ» аймағына дизельді және бензинді қозғалтқышы бар автокөліктің кіруіне тыйым салу туралы бастамасын қолдаймын.




Әсет НАУРЫЗБАЕВ, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Чистый воздух Алматы» азаматтық бастамасының модераторы:

ҚАЛАДАН КӨТЕРІЛЕТІН ТҮТІНДІ ТАЗАРТАДЫ

Алматыда іргелес шатқалдардың (Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Талғар, Ақсай және т.б.) таулы аудандарына көлік көп жүреді. Бұл шатқалдар тау-алқап айналымы нәтижесінде қаладан көтерілетін түтінді күнделікті тазартуда рөлі зор. Бұған қоса, бұл шатқалдарда қаланы қамтамасыз ететін жерүсті және жерасты сулары бар, осыған байланысты ғимараттар мен құрылыстарды салуға тыйым салу, сонымен қатар ауаны және суды

ластайтын автокөліктердің қозғалысын барынша шектеу жөнінде шаралар қабылдануға тиіс.

Электр және газбен жүретін мамандандырылған техникаға ғана рұқсат. Аталған шатқалдардағы тұрғын үйді газбен немесе электрмен жылытуға көшіру туралы мәселені жеке шешу қажет, ол үшін сұйытылған көміртекті газ үшін жергілікті газ сақтағышты жабдықтап, оны үйлерге тарату мүмкіндігін қарастыру қажет.



Тимур ЕЛЕУСИЗОВ, «Kaz Eco Patrol» ӘҚҰ төрағасы, экоамбассадор:

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЫЙЫМДЫЛЫҚ ПЕН ТӨЗІМДІЛІК ДЕГЕН ҰҒЫМ БАР

білдіреді. Себебі, бұл экожүйені біртіндеп құртады, содан кейін әкімдік немесе Үкімет немесе полиция қайда қарап отыр, бізде бәрі жаман, ал шетелде ұлттық саябақта бәрі жақсы, ол жақта көлік жүрмейді деп қолымызды сермеп отырамыз.

Ұлттық саябақты болашақ ұрпақ үшін бұзылмаған калпында сақтағымыз келсе, автокөлікпен жүруге тыйым салу керек, мұнда туристерге қатысты айтып отырмын. Ал ТЖ қызметіне шектеу болмайды. Оларға рұқсат. Жаяу туризм инфрақұрылымын енгізуге, кеңейтуге тиіспіз. Табиғи саябақтарды сақтауды мақсат тұтсақ, жаяу туризм Ұлттық саябақтардың негізгі ұстанымы болуы керек.

Бәріміз білімді адамбыз, табиғи саябақтың экожүйесіне кері әсері бар автокөлік қозғалтқышының шуылы неге апарып соқтыратынын түйсінуіміз қажет. Сондықтан тарихи тұрғыдан алғанда, көлік логистикасын қажет ететін Медеудегі инфрақұрылымның санын шектеп, сапасын арттыру керек, бұл ішкі жану қозғалтқышы бар электромобильдерге ауысуға қатысты.

Бұл жағдайда Медеу саябағы басшылығының бастамасын толығымен қолдаймын! Өз басым автокөліктердің қозғалысына мүлде тыйым салар едім, олар жаяу туристер үшін де қауіпті, бірақ толық алынып тасталмағандықтан, оларды шектеп, электрге ауыстырып, өзара тиімді ымыраға келу керек.



Наталья ОГАРЬ, «ТЕРРА Табиғат» ЖШС Бас директоры:

РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ШЕКТЕУЛЕР ЕНГІЗГЕН ЖӨН

Әрине, ластаушы заттар шығаратын автокөліктердің ерекше қорғалатын табиғи аумаққа кіруін шектеу керек. Бұл мәртебе кезінде біздің тау бөктері мен тұмса табиғаттың бүлінбеген аумақтарын болашақ ұрпақ үшін сақтау мақсатында берілді. Бұл биоәртүрлілікті сақтау тұрғысынан өте маңызды.

Бұл аумақта ұя салатын, отырықшы, қоныс аударатын және қыстай-

тын құстарды қосқанда кемінде 136 түрлі құс кездеседі, 12 тұқымдасқа жататын сүтқоректілердің 25-ке жуық түрі бар. Бұғы, сібір елігі кездеседі. Кеміргіш, тиін, атжалманның түрлері көп. Жыртқыштардан түлкі мен сусар тұқымдас ақкіс және борсық кездеседі. Сусардың сирек кездесетін түрінің бірі ақтөс сусар бар. Қызыл кітапқа кірген өсімдіктердің бірнеше түрі өседі. Сол себепті, табиғаттың осы бір тамаша мүйісіне рекреациялық шектеулер енгізген жөн.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ХИДЖАМА

Қан шығарамыз деп, жан шығарып алмаймыз ба?

Хиджама тақырыбын біраздан бері қозғағым келіп жүрген. Зерттей де бастағам. Қаладағы хиджама жасайтын орындардың біріне бас сұғып едім, ондағы ақ халат киген жігіт бұл әдістің адам ағзасына пайдасы көп деді. Сосын дәрігерлердің пікірін білмекке, екі жақтың пікірін зерделеу, таразылау мақсатында мемлекеттік емханаға келдім. Екі дәрігердің біреуі жауап беруден мүлдем бас тартып, екіншісі «пайдасы жоқ» деді үзілді-кесілді. Осы жерде «Егер дәстүрлі медицина тарапынан пайдасыз деп танылса, онда неге елімізде хиджама жасайтын орталықтар көбейіп кетті? Олардың жұмысы қадағалана ма?» деген заңды сұрақ тұмай ма? Оның жауабын күні кеше Денсаулық сақтау министрі А.Финияттың өзі берді. Сондай-ақ, Атырауда сәбиге жасалған хиджама туралы да тарқататын боламыз.

МИНИСТРДІҢ ЖАУАБЫ ҚАНДАЙ?

«Бүгінде хиджама лицензияланған медициналық көмек түріне жатпайды. Сондықтан Атыраудағы орталық тексеріліп, онда санитарлық-эпидемиологиялық бұзушылық орын алғандықтан, орталықты жабу рәсімделіп жатыр. Осы дерек бойынша арнайы комитет айналысып жатыр және тергеу жүргізіледі. Бұл «ем» – медициналық тұрғыда рұқсат етілген қызметке жатпайды. Сондықтан қазір заң жүзінде оған рұқсат ету керек пе, жоқ па, сол жөнінде арнайы жұмыс тобы құрылып, дәстүрлі медицинамен айналысатын мамандармен бірге талқыланып жатыр.

Хиджама жасайтын орындар жеке медициналық орталық болып саналады. Барлық



жеке медициналық орталықтарды тексеру үшін баса-көктеп кіре алмаймыз, бұзушылық туралы арыз болғанда ғана заң бойынша прокуратурамен бірігіп, тексере аламыз», – деді министр Ажар Ғиният. Үкімет қулауында тілшілерге берген сұхбатында.

Енді еліміздің бас дәрігерінің жауап беруіне тура келген видео туралы айтайық. Осыдан бір ай бұрын шамасында әлеуметтік желіге үш айлық нәрестенің маңдайы мен басын тіліп, қан шығарып хиджама жасалып жатқан видео таралған болатын. Видео авторлары бұл процедураны «кой ауруын кию» (немесе «баланы қиып емдеу») деп түсіндірген. Сондай-ақ, осы арқылы бала тынышталады және жылауын қояды деген болатын.

Бірақ ол бейнежазба қалың әлеуметтің жағасын ұстатып, қатты сынына ұшырап, үлкен дау тудырды. «Сабиге не істеп жатырсыздар? Бұл қауіпті процедура ғой! Нәрсестеге қиянат жасауға болмайды», «Балаға әлі үш ай да толмаған, бұл не сұмдық!», «Лезвиенмен

кескені несі, инфекция түседі ғой. Біз не, XIX ғасырда өмір сүріп жатырмыз ба?!», «Бала түнімен жылап, ұйықтамаса, аналар, ішетін астарыңды дұрыстанда!» деген сынды пікірлер қаптап, көпшілігі мұндай орталықтарды тексеруді талап етті.

Белгілі педиатр Ғалия Батыржанқызының айтуынша, балаларға хиджамал жасауға мүлдем болмайды. «Себебі, балалар қан кетуге өте қатты сезімтал келеді. Қазіргі күні онсыз да балалар арасында анемияға шалдыққандар көп. Анемия көп ауруға жол ашады. Ал хиджамал немесе соған ұқсас дәстүрлі емес медицина тәсілдерімен қан шығару салдарынан балаларда ауру пайда болуы мүмкін. «Қой ауруы» көбіне Атырау, Орал жақтарда болады екен. Медицинада рахит, гипертонус деп аталады. Дәрумендердің жетіспеушілігі. Жүкті кезінде анасында анемия болса, балада да сол ауру пайда болады. Мұндай дәстүрлі емес медицинаны көзі ашық адам, дәрігер қолдамайды. Бұл – баланы дәрігер толыққанды тексеріп, анемия болса емдеп, дәрумендер

болған имам, дінтанушы Нұрлан қажы Асанов та сәбиге хиджама жасалып жатқан әлгі даулы видеоға қатысты әлеуметтік желіде пікір білдірген болатын.

«Кейінгі кезде дәстүрлі емес медицина арасында хиджаманың дамып жатқаны белгілі. Мұны пайғамбардың хадисіне апарып, пайғамбарымыз сол арқылы барлық өлімнен емдеген деп кішкентай, жаңа туған балаға иммунитетін көтеру мақсатында хиджамға жасау – қателік. Жалпы, хиджаманың адамды емдеп, өлімнен тұрғызып жіберетін қасиетке ие емес екені қазір ғылыми дәлелденген. Егер ол шын болса, дәстүрлі медицина оны баяғыдан қолданар еді. Енді қазір ХХІ ғасырда кішкентай балаға хиджамға жасау, қытай ұстарасымен тіл астын ою, қылғындырып отырып шекесін ою бар. Қан діниміз де нәжіс нәрсеге дейін өтеді. Бұл таза емес, адамды уландырып, өлтіріп алуы мүмкін. Сондықтан қан шығарамын деп, қан шығарып алмаңыздар», – дейді ол.

ЖАРНАМА НЕ ДЕЙЛІ?

Ежелгі қытайлықтар, вавилондықтар және мысырлықтар да дертіне қан алдыру арқылы шипа іздеген деседі. Ал қазір Ресей, Түркия, АҚШ елдері де кеңінен қолданады екен. Бізге хиджама дәстүрлі емес медицинаның ем-дом тәрізін бірі ретінде 90-жылдардың аяғында пайдалана бастапты. Бүгінде үй жағдайында да хиджама жасайтындар бар көрінеді. Бірақ денеге тілік жасайтын инелер, банкалар және тағы басқа да құрал-саймандар қалай және қаншалықты деңгейде зарарсыздандырылады? Ол жағын хиджамның өзі білетін шығар. Өйткені, бұл процедура мемлекет тарапынан қадағаланбайды, яғни заңмен реттелмеген.

Хиджама жасаушылардан лицензия талап етілмейтіндіктен шығар, ғаламторды бір-бірімен шөпсеңіз, «хиджама жасаймын» дегендердің жарнамасынан көз сүрінді. Халықтан сұраныс көп болғандықтан, хиджаманы медициналық білімі жоқ адамдар да әлеуметтік желі арқылы өз бетінше үйреніп алып жатыр деген ақпараттар да бар. Рас, оны да айту



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖАНЫҢ МҰРНЫҒНЫҢ ҰШЫНА КЕЛГЕНДЕ...

Майра ХАСАНҚЫЗЫ, кәсіпкер:

Осы хиджама дегенге мүлдем қарсы адамдардың бірі едім. Күйеуім ылғи жасатып жүреді. Бір сөйлеп қалатынымын ылғи. Кейінгі жылдары отбасылық мәселелер туындап, кәсібімде де жолым болмай, күйзеліске түсіп кеттім. Түнде көз ілмейтін болдым. Желкемнен бір нәрсе тартады тұрады. Бүкіл денем де зіл қара тас секілді. Жатып қала берем. Үйден де береке кете бастады. Сосын күйеуім қоймай жүріп, хиджама жасатуға көндірді. Арқамда банкларға қою арқылы қан алдырттым. Содан едәуір жақсы болып қалдым. Әлде өзімді солай сендірдім бе, білмеймін. Қоғамда хиджама туралы көп сын айтылатынын білемін, әрине. Бірақ жаңың мұрнының ұшына келгенде, солай қарай қалай жүгіріп кеткенінді де білмей қалады екенсің. Одан кейінгісін тағы көре жатармын деп жүрімін.

Айдар БОДЫҚ, қала тұрғыны:

Бала күнімде есімде, ауылда сынықшы ата болған. Сақалы белуарынан түсетін. Үйінің алды адамнан босайтатын. Аяғын трактор жанышпы, сүйегі үгітіліп қалған бір жігітті кәдімгі жұмыртқаның сарысымен емдеп жазып, кейін әлгі жігіттің әскер қатарына жарамды болып шыққанын естіп таңқалғанбыз. Көп адам барағын сол кісіге. Бәкісін отқа қақтап алып, алдына барып отырған адамның шекесінен шертіп жібергенде, шып етіп қан шыға келетін. Бүгінде ойлаймын, хиджама да жасаған екен ғой сонда деп. Бәлкім, сондай ерекше қасиеті бар адам жасайтын болса құптайтын шығармын. Бірақ мен «басым ауырып, балтырым сыздаса», тек дәстүрлі медицинаға жүгінетін адаммын.

беру, массаж, бассейнге апару арқылы, ата-анасының мейір-махаббатымен емделетін ауру», – деп түсіндірді дәрігер-маман.

Негізі, «кой ауруын қиып емдеу» қазақта бұрын болған екен. Мазасы кетіп, қызуы көтеріле берген сәбидің тамырларын күміс теңгемен баса отырып емдеген көрінеді. Бірақ ол бұрын ғой, ал қазір ХХІ ғасырдың төрінде отырып, медицина индустриясы жедел әрі үздіксіз дамып, алға қарыштап жылжып жатқанда, орта кезеңнің әдісін қолдану қаншалықты орынды?

ДІН ӨКІЛІ ҚОЛДАЙ МА?

Хиджама – денедегі артық қанды алдыру арқылы емдеу деген ұғымды білдіреді. Ал оны жасайтын адамды «хиджам» деп атайды екен. Яғни дененің түрлі бөлігіне ине салып немесе банка қойып, арам қанды сыртқа шығарып тастау. Оны мамандар шариғат бойынша емдеу деп қарастырады. Иә, бұл жежде емдеудің ең тиімді тәсілі саналған. Хиджама әдісімен кезінде Пайғамбар (с.ғ.с.) да емделген деседі. Тіпті хиджама аузы берік адамға жасалса да, оның оразасы бұзылмайтын көрінеді.

Қазір ел арасында аса танымалдыққа ие

керек, ауруынан айығып, алғысын білдіріп жатқандар да аз емес екенін байқадық.

Бірақ қан алу процесі – ойыншық емес. Қан асқан тазалықты талап етеді. Оған тозаңның көлеміндей ғана микроб, инфекция түсіп кетер болса, бүкіл ағза сорлайды дей беріңіз. Ал хиджма әдісі дұрыс жасалмаса, адам көп мөлшерде қан жоғалтуы да мүмкін. Сонымен қатар, денеде тыртық қалып қоятын жағдайлар да кездеседі.

Хиджамдар ағзادا тұрып қалған немесе ет пен терінің арасындағы арам қанды сыртқа шығарамыз десе, дәстүрлі медицина мамандары «тұрып қалған, ескірген және арам қан» деген ұғымдарды жоққа шығарады. Олар адам бойында қажет емес қан болмайды дейді.

Хиджама жасатуға көпшілік неге құмар дегенге келетін болсақ, хиджамдар денеден қан шығару әдісінің инфаркт пен инсульттің алдын алады, бас, көз, буын, жүйке, қан айналым жүйесі ауруларына, бронх демікпесіне, бедеулікке де шипа болады дегенді алға тартады. Қалай десе де, хиджама жасайтын маманның сол саланы арнайы оқығаны туралы сертификаты, лицензиясы немесе медициналық білімі болғаны дұрыс шығар.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ПРЕЗИДЕНТ

АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ



Отбасы институтын, көпбалалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдау және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың аса маңызды басымдығы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

8 наурыз күні Мемлекет басшысы еліміздің барлық әйелдер қауымын Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады. «Сіздер әлемге жылулық пен жарасым сыйлап, жақын жандарыңызды махаббатқа бөлейсіздер. Аяулы аналарымыз өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіріп, оларды еңбекқор, білімпаз болуға тәрбиелейді. Бүгінде әйелдер қауымының отбасындағы, қоғам өміріндегі және мемлекетті жан-жақты дамыту ісіндегі рөлі орасан зор. Қыз-келіншектер өндірісте, шығармашылық жолында, саясат, бизнес және басқа да көптеген салада биік белестерді бағындырып келеді. Мемлекет гендерлік теңдікті сақтауға, әйелдер құқығын қорғауға және отбасы құндылықтарын нығайтуға әрдайым баса мән береді. Аналарымыз бен аруларымыздың алаңсыз өмірі – ұлтымыздың жарқын болашағының кепілі», – деді Президент.

Асыл аналарымыз бен аруларымыздың еңбегі қандай құрметке де лайық. Президентіміз тұжырымдағандай, кез келген істе әйелдердің кәсіби біліктілігі пен жауапкершілігі айқын аңғарылады. Олар барлық ортада үндестік пен үйлесімді, өзара түсіністік пен татулықты нығайтудың ұйытқысы. Еліміз саяси өзгерістер мен жүйелі жаңғыру кезеңіне – Әділетті Қазақстанға қадам басқан бүгінгі күні әйелдер қауымының жасампаздық қасиеті мен күш-қуаты алға қарай сапалы ілгерілеу кепілі болмақ. Қазақстан әйелдерінің ақыл-парасаты, ерік-жігері мен жасампаздығы барлық қиындықты еңсеріп, сын-қатерлерге төтеп беруімізге септігін тигізуде. Халқымыздың «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген нақыл сөзінің терең мән-маңызы бар. Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Өскелең ұрпаққа өнегелі тәлім-тәрбие беру ісінде әйелдер айрықша рөл атқарады. Көктемнің алғашқы шуақты мейрамдарының бірі, адам баласы үшін мейірімнің, адалдық пен абзалдықтың символына айналған – Халықаралық әйелдер күні ел көлемінде де, оңтүстік астанамызда да көптеген мерекелік іс-шаралар мен салтанатты жиындар өтті. Елордамыздағы мерекелік жиынға қатысқан Президент ұлтымыздың дүниетанымында әйелдің орны ерекше екенін атап өтіп, сұлулық пен нәзіктік, мейірім мен шапағат – бәрі де әйелдерден бастау алатынын жеткізді.

«АТА – ҰЛДЫ, АНА – ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шараға қатысып, салтанатты жиында сөз сөйледі.

Президент ұлтымыздың дүниетанымында әйелдің орны ерекше екенін атап өтіп, сұлулық пен нәзіктік, мейірім мен шапағат – бәрі де әйелдерден бастау алатынын жеткізді.

– Шын мәнінде, әрбір адам үшін анадан ұлы, анадан қымбат ешкім жоқ. Ең

қастерлі құндылықтарымыз «Жер-ана», «Отан-ана» ұғымдарымен тығыз байланысты. «Ата – ұлды, ана – ұлтты тәрбиелейді» дейді. Бұл сөздің айрықша мән-маңызы бар. Ұлт болашағы ұрпақ тәрбиесінен басталады. Әр баланың жетістігі – ана махаббатының жемісі. Ұлы Абай айтқан «Толық адамға» тән асыл қасиеттер ұрпақтың бойына ана арқылы дариды. Қазір еліміз дамудың маңызды кезеңіне қадам басты. «Әділетті Қазақстанды» құру үшін ауқымды реформаларды қолға алдық. Ең бастысы, ел ішінде отаншылдық, мемлекетшілдік рухымыз болуы керек. Біз көк байрағымызды биік ұстайтын, білімді, ұлтжанды ұрпақ өсіруіміз керек, – деді Президент.



«ЖАСТАРҒА САЛЫНҒАН ҚАРАЖАТ – ЕҢ ҰТЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯ»

Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастарға салынған қаражат – ең ұтымды инвестиция» екенін атап өтіп, қоғамдағы әйелдердің рөліне ерекше тоқталды.

– Қазір қыздарымыз әлемнің ең үздік университеттерінде білім алып жатыр. Жаһандық компанияларда жұмыс істейді. Сан түрлі кәсіпті меңгерген әйелдер қоғамның түрлі саласында табысты еңбек етіп жүр. Олардың арасында мұғалім, дәрігер, мемлекеттік қызметші, тәрбиеші, тігінші және басқа да мамандық иелері бар. Халықаралық жарыстарда Көк туымызды биікке көтерген спортшы аруларымыз да аз емес. Қаншама қыз-келіншектер бизнеспен айналысып, мың-

даған адамға жұмыс ұсынып отыр. Мен баршаңызды мақтан етемін! Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, әйелдер әділ, дана әрі тапқыр басшы бола алатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қазір шағын және орта бизнестегі әйелдердің үлесі 42 пайызға жетті. «Бұл – әйелдер кәсіпкерлігіне мемлекет тарапынан көрсетілген жүйелі қолдаудың нәтижесі. Былтыр өз кәсібін ашқысы келетін 6 мыңнан астам көпбалалы анаға арнайы грант берілді. Ауылдағы қыз-келіншектер бизнеспен белсенді айналысатын болды. Мыңдаған әйел бизнес жобасын жүзеге асыруға мемлекеттен субсидия алатын болады. Бұл мақсатқа жалпы сомасы 250 миллиард теңге жұмсалды», – деді Президент.

Мемлекет басшысы өзінің тапсырмасымен Отбасы және гендерлік саясат туралы Жаңа тұжырымдама қабылданғанын, аталған құжат әйелдердің өзін-өзі дамытуына мол мүмкіндік беруге бағытталғанын атап өтіп, әрбір әйел отбасында бақытты, қызметте табысты, қоғамда белсенді болуға лайықты екенін айтты.

Салтанатты жиын соңында Мемлекет басшысы «Аруана» үздік әйелдер жобасы байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Бұл марапат әртүрлі салада әлеуметтік маңызы бар жобалармен айналысып, азаматтық қоғамның дамуына елеулі үлес қосып жүрген іскер әйелдерге он номинация бойынша табысталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

АРУЛАРҒА ІЛТИПАТ



Суреттерді түсірген Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Махаббат сыры»

Әйел-аналар мерекесінде Республика сарайында «Махаббат сыры» атты мерекелік концерт өтті.

Әдемі кешті Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастырды. Көрермендер арасында медицина қызметкерлері, педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, еңбек ардагерлері, ерекше қажеттілігі бар балаларды

тәрбиелеп отырған әйелдер, оқуда, спортта және т.б. салада жетістікке жеткен балалардың аналары болды.

«Аналарымызға, қыз-келіншектерімізге әр күн мейрам, мереке болуы қажет.

Нәзік жандыларымызға гүл сыйлап, кішігірім сыйлықтарды тарту етсек, көңілдері бір жадырап қалады. Бәрімізді жұп-жұбымызбен жаратқандықтан, өмірімізді әйелдерсіз елестету мүмкін емес. Сол үшін де әнімізді арнап, көңілдерін сергітуге барынша тырысып жатырмыз», – деді әнші Нұржан Керменбаев.

Әуезді ән кешінде әйелдер мен махаббатқа арналған әндер орындалды. Мерекелік концертке Нұрлан Өнербаев, Нұрлан Абдуллин, «МузАрт» тобы, Әли Оқапов, Мәди Рымбаев, Нұржан Керменбаев, Мәди

Сыздықов және Almaty Symphony оркестрі, «Жорға» академиялық және заманауи балет театры мен Nova Ballet қатысты.

«Концертте Әли ағамның «Биле» әнін шырқадық. Үлкен сахнада бірінші рет орындадым. Алғашында кішкене қобалжу болды. 8 наурыз мен үшін де өте ерекше күн. Балалық шағымнан анамды, әпкелерімді, ұстаздарымды қуанту үшін бір гүл болса да сатып алып, үйге асығатын едім. Ананың қуанғанын көргенімізде, біз де қуанышқа бөленеміз», – дейді әнші Мәди Рымбаев.



Алматыда Шоқан Уәлиханов атындағы алаңда «Анаға мың тағзым» атты митинг-концерт өтті.

ОТАН - АНАҒА ТАҒЗЫМ!



Сахнада сөз алған белсенділер ата-аналар мен аға буынға құрмет көрсету, Отанға сүйіспеншілік, оқу мен салауатты өмір салты сияқты аса маңызды тақырыптарды қозғады.

Қазақстан ата-аналар одағының тең құрылтайшысы Бағила Балтабаеваның айтуынша, саябаққа 700-ден астам азамат жиналған. Бұл ата-аналар, еріктілер, аға буын өкілдері.

Сахнадан қоғам белсенділері, танымал блогерлер ата-аналарға, балаларға, жастарға үндеу тастады. Салауатты өмір салты, оқу, ата-ананы құрметтеудің маңыздылығы туралы әңгімеледі. Мысал ретінде туған жерін қорғаған даланың ұлы әйелдерінің есімдері аталды. Олардың арасында Томирис, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова бар. Жастардың үйлесімді дамуы үшін олардың өмір жолын зерделеудің, жас қазақстандықтарды Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеудің маңыздылығы атап өтілді.

Бағила Балтабаева атап өткендей, шара «Еріктілер лигасы» мен «Қазақстан ата-аналар одағының» бірлескен меморандумы аясында ұйымдастырылған жобалардың бір бөлігі болды. Бұл салауатты өмір салты, патриотизм, тарихты зерделеу, даланың халықтық әдет-ғұрыптары тақырыптарында семинарлар, тренингтер. Осындай тәрбиелік мәні бар жобалар барысында, әсіресе, ата-анаға құрмет, аға ұрпаққа құрмет көрсетудің маңыздылығы сөз болады.

Шара барысында танымал өнерпаздардың концерті өтті. Сондай-ақ, қолөнер бұйымдарының, дәстүрлі зергерлік бұйымдардың көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылып, ғасырдан-ғасырға жетер, дала қожайындары дайындаған дәстүрлі бұйымдар ұсынылды.

Бетті дайындағандар
Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ,
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



Халықаралық әйелдер күніне орай өткен іс-шараға 700-дей адам қатысты. Митингті «Еріктілер лигасы» қоғамдық қоры мен «Қазақстан ата-аналар одағы» РҚБ ұйымдастырды.

ДҮЙСЕНБІ
13 НАУРЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Алматы кеші
7.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 8 серия
8.00 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 24 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.15 Женский кино клуб. «Три в одном» 13 серия
18.00 Әзіл кеші
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 9 серия
21.00 Телехикая. «Няня. Бизнес по-кыздарски» 10 серия
22.00 Мужской сериал. «Бригада» 5-6 серия
23.45 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 25 серия
0.45 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.35 Шешімі бар
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.25 Алматы тұнған тарих
3.45 Алматинские истории
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Жат бауыр». Телехикая. (с субтитрами)
14.20 «Тұлға». Деректі фильм
14.55 «Arta». Сараптамалық бағдарлама.
15.50 «Aqorda»
16.00 «Айман&Шолпан» Телехикая (с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ЖАТ БАУЫР». Телехикая (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Өмір көркем»
2.00 «Ауылдастар»
2.30 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте!»
10.30 «Бір кітап»
10.35 Мультфильм. «Дерево желаний»
12.00 Телехикая. «Үкім»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Кража»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»

- 18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Үкім»
21.45 Телехикая. «Құсайыновтар. Өмір жолы»
22.45 Телесериал. «Вопреки судьбе»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.50 КИНО. «Три гавкатёра»
08.20 Анимационный фильм «Эллиот. самый маленький олень Санты»
10.00 Т/сериал «Листопад» (повтор)
11.00 Т/сериал «Городские легенды»
11.30 Мультсериал «Команда «Мстители»
12.00 Мультсериал «Маша и медведь»
13.00 КИНО. Бен Стиллер в комедии «Знакомство с родителями» (повтор)
15.30 КИНО. Колин Фаррелл в боевике «S.W.A.T.. Спецназ города ангелов» (повтор)
18.10 КИНО. Джеки Чан в боевике «Доспехи Бога»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
21.50 КИНО. Леонардо ДиКаприо в приключенческом боевике «Человек в железной маске»
00.30 КИНО. Джозел Эдгерсон в триллере «Особое тяжкое преступление»
02.00 Үнді сериалы «Анулама»
02.40 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.10 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 «БОЙСЯ ЖЕЛАНИЙ СВОИХ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Премьера. Филипп Янковский, Оксана Акиншина в многосерийном фильме «КОНТЕЙНЕР»
0.45 «НАЧАЛЬНИК РАЗВЕДКИ». Многосерийный фильм
1.40 Ночной кинотеатр. Владислав Галкин в фильме «ПО ТУ СТОРОНУ ВОЛКОВ»
2.35 «НОВОСТИ»
2.45 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.55 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.45 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 4.30



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Т/х «Әкесінің баласы»
07.20 Т/х «Сезім»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»

- 09.00 Х/с «Женщина его мечты»
13.10 Скetchком «Q-елі»
13.30 Т/х «Тақиясыз періште»
14.30 Шап-шаншар
15.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
16.30 Т/с «Девушки с Макаровым»
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Эксперт» Премьера!
20.00 Т/с «Медиатор» Премьера!
21.00 Т/х «Сәке»
21.30 Т/х «Солдат пен салауат»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.30 Т/х «Әкесінің баласы»
00.30 Т/с «Семейные узы»
01.30 Т/с «Девушки с Макаровым»
02.00 Келесі кім?
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
03.50 Т/п «Жеңіп көр»
05.20 Т/п «Қуырдақ»



КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей телехикаясы Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.40 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
10.30 «ВОЛК», остросюжетный детектив (худ.сериал) (повтор)
12.40 «ПЕС-5», остросюжетный детектив (худ.сериал)
15.10 «РАСПЛАТА ЗА ЛЮБОВЬ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
17.00 «АДАСҚАН ҚЫЗ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ТЫ МЕНЯ НИКОГДА НЕ ЗАБУДЕШЬ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40 «ОТСТУПНИКИ», остросюжетный детектив. Премьера! (худ.сериал)
01.15 «ВОЛК», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
02.45 «ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР», (қайталау)
03.50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
04.10-04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. ITF W40
08.40 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасы. «Спортинг» (Португалия) – «Арсенал» (Лондон)
10.40 ТЕННИС. ЖУРНАЛ ТУРНИРА ITF W60. 6-выпуск
10.45 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
11.35 БИАТЛОН. Чемпионат Мира. Гонка преследования. Юноши. Мужчины
12.45 БИАТЛОН. Чемпионат Мира. Гонка преследования. Юниоры. Женщины

- 13.50 «THE RING». 1-бағдарлама. (Мейірім Нұрсұлтанов)
14.15 ФУТЗАЛ. Отборочный раунд к ЧМ-2024. Словения – Казахстан
16.05 «СҰХБАТ». 4 выпуск. (Иван Дычко)
16.35 ДЗЮДО. Grand Slam
18.55 Арнайы репортаж
19.15 «SPORT REVIEW» Апталық-сараптамалық бағдарламасы
19.50 БАСКЕТБОЛ. ВТБ Лигасы. «Астана» – «Самара». Тікелей эфир
21.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
22.20 ММА. OCTAGON 42. 1-бөлім
01.20 ТЕННИС. ЖУРНАЛ ТУРНИРА ITF W60. 6-выпуск
01.25 «Боз кілемге барын салған». А.Кебіспаев. Деректі фильм
02.00 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.45 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
8.15 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
8.40 «Пәдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
9.00 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
9.10 «Қайсар автобус» Мультхикая.
9.25 «Miss Kausar» танымдық бағдарлама
9.35 «Адал достар» Мультхикая.
10.05 «Турбозаврлар» Мультхикая.
10.20 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
12.00 Анимация. Отандық / «Ғарышкер бала Жігер»
12.15 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
12.35 «Аға болғым келеді» ситком.
12.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
13.15 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
13.30 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
13.55 Анимация. Отандық / «Еркелер»
14.10 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
14.40 Анимация. Отандық / «Томпи»
15.00 Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»
15.10 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
15.30 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
15.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
16.10 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
16.35 «Зузудың достары» Мультхикая.
16.50 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.00 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
17.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
17.50 «Аға болғым келеді» ситком.
18.05 «Анаммен бірге/ әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
18.15 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
18.30 Анимация. Отандық / «Ержүрек сақшылар»
19.00 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
19.30 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
19.45 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
19.55 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
20.25 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
20.45 «Ойна, ойна!» ойын-сауықтық бағдарлама
21.15 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
21.35 «Супер Зак» Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»

22.30 «Құпия кітап» ситком.
22.55 Анимация. Отандық / «Томпи»
23.15 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
23.45 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Любимая учительница» телесериал
12.10 «Тракторшының махаббаты» телехикаясы
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Каникулы в Тайланде» Х/ф
01.35 «Кеш келген махаббат» Х/ф



TALIM TV TALIM TV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 «Майдангерлер» – қысқа метражды фильм
08.40 Менің анам, менің әкем
09.00 Емен-жарқын
09.55 Сау болайық
10.10 «Жүйріктер» – мультфильм
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Тәтті time
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Жанұя» – көркем фильм
16.20 Айтыс Strike
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.15 Orkeni style
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 Әжемнің әңгімесі
19.50 Ұлт саулығы
20.00 YouTub Times
21.00 Ұлт саулығы
21.10 Жиырма бесінші сағат
22.10 Саммари 100 кітап
22.30 Абайдың жолы
22.55 Views

«БІРЖАН САЛ» КӨРКЕМ ФИЛЬМІ
«ҚАЗАҚСТАН» АРНАСЫ. САҒАТ 23.30-ДА.

ЖЕКСЕНБІ
19 НАУРЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

САЙЛАУ 2023

6.00	Әсем әуен
7.00	Жаңалықтар (тікелей эфир)
7.10	Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 15 серия
8.00	Мультфильмы
8.30	Детский кино клуб
10.00	Жаңалықтар (тікелей эфир)
10.30	Жұлдызды такси
11.00	Үздік әзілдер
13.00	Жаңалықтар (тікелей эфир)
13.30	Женский кино клуб
16.00	Жаңалықтар (тікелей эфир)
16.30	Отандық кино
19.00	Жаңалықтар (тікелей эфир)
20.00	Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 16 серия
21.00	Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 17 серия
21.45	Арнайы жоба. Анықtime
22.00	Жаңалықтар (тікелей эфир)
23.00	Мужское кино
0.00	Сайлау қорытындысы (тікелей эфир)
0.30	Мужское кино
1.30	Бақытты отбасы
2.00	Алматы тұнған тарих
2.25	Алматинские истории
2.50	Алматы кеші
3.40	Әсем әуен
4.40	Алматы кеші
5.55	ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00	Әнұран
6.05	«Жәдігер»
6.30	«Күй-керуен»
7.00	AQPARAT
7.10	«Күміс көмей»
8.00	AQPARAT
8.10	«Көңіл толқыны»
9.00	AQPARAT
9.10	САЙЛАУ–2023. ONLINE МАРАФОН. Тікелей эфир
9.30	«Ауылдастар»
10.00	AQPARAT
10.15	«Далам менің». «Дос-Мұқасан» ансамблінің ән кеші
11.00	AQPARAT
11.10	«Далам менің». «Дос-Мұқасан» ансамблінің ән кеші
12.00	AQPARAT
12.20	САЙЛАУ–2023. ONLINE МАРАФОН. Тікелей эфир
12.40	«Өзекті»
13.00	AQPARAT
13.20	«Мұқағали. Бұл ғасырдан емеспін...». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
14.00	AQPARAT
14.10	«Мұқағали. Бұл ғасырдан емеспін...». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
15.00	AQPARAT
15.10	«Мұқағали. Бұл ғасырдан емеспін...». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
16.00	AQPARAT
16.15	«Мұқағали. Бұл ғасырдан емеспін...». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
17.00	AQPARAT
17.15	«Мұқағали. Бұл ғасырдан емеспін...». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
17.45	САЙЛАУ–2023. ONLINE МАРАФОН. Тікелей эфир
18.00	AQPARAT
18.10	«МузАрт» ансамблінің концертті
19.00	AQPARAT
19.10	«МузАрт» ансамблінің концертті
20.00	AQPARAT
20.40	САЙЛАУ–2023. ONLINE МАРАФОН. Тікелей эфир
21.00	AQPARAT
21.10	САЙЛАУ–2023. ONLINE МАРАФОН. Тікелей эфир
21.30	«Ұлыс оң болсын!»
22.00	AQPARAT

22.10	«Ұлыс оң болсын!»
23.00	AQPARAT
23.30	САЙЛАУ–2023. ONLINE МАРАФОН. Тікелей эфир
0.00	AQPARAT
0.40	САЙЛАУ–2023. ONLINEMАРАФОН. Тікелей эфир
1.00	AQPARAT
1.30	САЙЛАУ–2023. ONLINEMАРАФОН. Тікелей эфир
1.50	«Ауылдастар».
2.20	Әнұран



ХАБАР

05.00	ҚР Өнұраны
05.00	«Қызық times»
06.15	Концерт. «Наурыз-думан»
08.30	«Әке бақыты»
09.30	«Спорт time»
10.00	Жаңалықтар
10.15	Мегахит. «Области тьмы»
12.15	Нарезки. «Cover show»
13.00	Новости
13.15	«Балақай»
14.00	Мультфильм. «Принцесса-лягушка. Тайна волшебной комнаты»
15.30	«Десять друзей кролика»
16.00	«Культурный контекст»
17.00	Жаңалықтар
17.15	«Дүлдүлдер дүбірі»
17.45	«Маска»
19.00	Новости
19.15	Тұрсынбек Қабатовтың «Jur-jubuten» шоуы
20.45	Нарезки. «Cover show»
22.00	Жаңалықтар
22.15	Новости
22.30	Мегахит. «Американец»
00.00	Жаңалықтар
00.15	Новости
00.30	«Әсем әуен»
01.00	ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05.58	ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00	Әзіл студия
07.00	What's up?
08.00	Тамаша live
09.00	«TeleBingo» прямой эфир
09.25	Готовим с Адель
10.00	КИНО. «Өкініш»
11.50	Анимационный фильм «Маугли дикой планеты» (повтор)
13.50	Анимационный фильм «Город героев» (повтор)
16.00	КИНО. Лили Джеймс, Кейт Бланшетт в фэнтези «Золушка» (повтор)
18.10	КИНО. Роберт Дауни мл., Крис Эванс в фантастическом боевике «Мстители. Эра Альтрона» (повтор)
21.00	КИНО. Вин Дизель в боевике «Бладшот»
23.20	«Алдараспан»
01.00	Тамаша live
02.30	Әзіл студия
04.00	1001 Әзіл
04.30	Ризамын
05.00	«31 әзіл»
05.30	What's up?



ЕВРАЗИЯ

6.00	«ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.35	«П@УТИНА» бағдарламасы
8.25	«ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
8.35	«ПРОУЮТ»
9.25	Анна Здор, Александр Никитин в фильме «ПАРИЖАНКА»
11.10	«НОВОСТИ»
11.25	«НЕМАЯ». Многосерийный фильм
15.00	«НОВОСТИ»
15.15	Валентина Гарцуева, Сергей Радченко, Константин Самоуков, Зоряна Марченко в многосерийном фильме «КРЫЛЬЯ БАБОЧКИ»
18.55	«ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20.00	«ГРАНИ». Прямой эфир
21.00	Дарья Храмцова, Полина Носыхина в многосерийном фильме «РЕБЕНОК С ГАРАНТИЕЙ»
1.00	Премьера. «ТРИ АККОРДА»
2.40	«П@УТИНА» бағдарламасы
3.25	«ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7-КАНАЛ

06.00	Т/п «Қуырдақ»
07.00	Т/х «Пәленшеевтер»
08.30	Т/п «Алло, бұл кім?»
09.00	Т/п «Измайловский парк»
11.40	Шоу «Маска»
15.00	Скетчком «Q-елі»
15.30	Т/х «Бастық боламын»
17.30	Алишер Каримовтың «15 жыл сахнада» концертті
18.40	Еркін Нұржановтың «Ана қадірі» концертті
21.00	Х/с «Игра с тенью»
00.50	Т/п «Алло, бұл кім?»
01.20	Еркін Нұржановтың «Ана қадірі» концертті
03.15	Т/х «Япырай»
03.40	Т/п «Жеңіп көр»
05.10	Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00	ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05	«ӘН МЕН ӘНШІ» ән-шашу
08.00	«OZAT OTBASY», ток-шоу
09.00	«ЮМОРИНА», шоу-программа
11.00	«ДЕРЕВЯННЫЙ ГРЕБЕШОК», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
12.00	ЖАҢАЛЫҚТАР
12.25	«ДЕРЕВЯННЫЙ ГРЕБЕШОК», мелодрама (продолжение сериала)
13.00	НОВОСТИ
13.25	«ДЕРЕВЯННЫЙ ГРЕБЕШОК», мелодрама (продолжение сериала)
16.00	ЖАҢАЛЫҚТАР
16.25	«ДЕРЕВЯННЫЙ ГРЕБЕШОК», мелодрама (продолжение сериала)
16.30	«ЗҰЛМАТ», көркем фильм (өзбек худ.фильм)
17.00	НОВОСТИ
17.25	«ЗҰЛМАТ», көркем фильм (продолжение фильма)
18.50	«ӨМІР-ӨЗЕН», Ұлықпан Жолдасовтың ән-шашуы
19.30	ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00	«ӨМІР-ӨЗЕН», Лұқпан Жолдасовтың ән-кеші (жалғасы)
21.00	НОВОСТИ
21.45	«ТИХИЙ ОМУТ», мелодрама (худ.фильм)
23.40	«ПЁС-5», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
00.10	НОВОСТИ
00.30	«ПЁС-5», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.10	«ЗҰЛМАТ», көркем фильм (өзбек худ.фильм) (қайталау)
03.30-	
04.30	«ӨМІР-ӨЗЕН» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00	Әнұран
07.05	ТЕННИС. ITF W40
08.35	«СҰХБАТ». 10-выпуск. Ольга Рыпакова
09.25	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
09.55	ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Әйелдер) 1/2 финал. Тікелей эфир
11.55	«SPORT REVIEW» Апталық-сараптамалық бағдарламасы
12.25	ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Әйелдер) 1/2 финал. Тікелей эфир
14.30	БОКС. Әлем Чемпионаты. (Әйелдер) Тікелей эфир
18.00	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
18.30	БОКС. Әлем Чемпионаты. (Әйелдер) Тікелей эфир
21.50	ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. (Әйелдер) Жартылай финал. Матч үшінші орын үшін. Тікелей эфир
23.35	«SPORT REVIEW» Апталық-сараптамалық бағдарламасы
00.05	«THE RING». 7-бағдарлама. (Абылайхан Жүсіпов)
00.35	Специальный репортаж
00.50	ФУТЗАЛ. Еуропа Чемпионаты. (Әйелдер) Финал. Тікелей эфир

02.35	ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
03.25	Әнұран

balapan BALAPAN

7.00	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05	Анимация. Отандық / «Балақайлар»
7.40	Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
7.50	Анимация. Отандық / «Пырақтар»
8.15	«Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
8.40	Анимация. Отандық / «Еркелер»
8.55	«Сықырлы ас үй» Мультхикая.
9.05	«Super отбасы» отбасылық бағдарлама
9.30	«Зузудың достары» Мультхикая.
9.55	Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
10.05	«Конжық Расмус» Мультхикая.
10.35	Анимация. Отандық / «Бөпе»
10.45	«Құпия кітап»ситком.
11.10	Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
11.20	«Супер Зак» Мультхикая.
11.45	Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
11.55	«Анаммен бірге/ әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
12.00	Анимация. Отандық / «Ғарышкер бала Жігер»
12.15	Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
12.35	«Аға болғым келеді!» ситком.
12.50	«Баданаму хикаялары» Мультхикая.
13.10	Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
13.15	Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
13.30	Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
13.55	Анимация. Отандық / «Еркелер»
14.10	«Топбасшы Юху» Мультхикая.
14.40	Анимация. Отандық / «Томпи»
15.00	Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»
15.10	Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
15.30	Анимация. Отандық / «Пырақтар»
15.55	Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
16.10	«Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
16.35	«Зузудың достары» Мультхикая.
16.50	Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.00	Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
17.10	Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
17.20	Анимация. Отандық / «Балақайлар»
17.50	«Аға болғым келеді!» ситком.
18.05	«Анаммен бірге/ әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
18.15	«Сықырлы ас үй» Мультхикая.
18.30	Анимация. Отандық / «Маржан тіс»

19.00	«Топбасшы Юху» Мультхикая.
19.30	«Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
19.45	Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
19.55	«Конжық Расмус» Мультхикая.
20.25	«Баданаму хикаялары» Мультхикая.
20.45	«Super отбасы» отбасылық бағдарлама
21.15	Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
21.35	«Супер Зак» Мультхикая.
22.00	«Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15	Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»
22.30	«Құпия кітап» ситком.
22.55	Анимация. Отандық / «Томпи»
23.15	Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
23.45	Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
23.55	«Бесік жыры» – Әнұран
0.00	Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00	«Сарай жаунары» корей телехикаясы
07.00	«Маша и медведь» Мультфильм
09.00	«Любимая учительница» телесериал
11.10	«Каникулы в Тайланде» Х/ф
13.00	«Жұлдызбысың?»
14.00	«Алдараспан»
17.50	«Чужой ребенок» Индийское кино
21.00	«Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55	«Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00	«Келинка тоже человек 2» Х/ф
01.40	«Көру керек!» бағдарламасы

TALIM TV TALIM TV

07.00	Views
08.10	Өнер қырандары
09.00	Айтыс.
	Алтын қор
09.30	Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55	Сау болайық
10.10	«Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30	Балалар сөзі – өсиет
11.00	Руханият
11.30	Кестелі орамал
12.00	Ұлт саулығы
12.20	Қазақ спортының классикасы
13.30	Автопортрет
14.10	ТамашаLike
14.50	Ұлт саулығы
15.00	«Дода» – көркем фильм
17.00	Сау болайық
17.20	Бір дубль
18.30	Балалар сөзі – өсиет
18.50	Сау болайық
19.00	Балалық шаққа саяхат
19.35	Бақытты отбасы
19.50	Ұлт саулығы
20.00	Talim Speakers
20.40	Пруст сауалнамасы
21.00	Ұлт саулығы
21.20	«Қажымұхан» – мультфилм
21.50	Фибратты ғұмырлар
22.30	Сырласайық
22.55	Views

«ДОС-МУҚАСАН» АНСАМБЛІНІҢ КОНЦЕРТІ
«ҚАЗАҚСТАН» АРНАСЫ. САҒАТ 10.15-ТЕ.



ТҰСАУКЕСЕР

«ӘСЕМ КӨРІНІСТІ ӨЛКЕ»

Қытай жазушысы Ван Мэннің қазақ тіліне аударылған кітабының таныстырылымы өтті

Мәдени шара Алматыдағы әл-Фараби атындағы кітапханада ұйымдастырылды. «Бір белбеу – бір жол» бастамасының он жылдығы мен қытай мәдениеті күні аясында өткен іс-шараға Алматыдағы Қытай Бас консул-дығының өкілдері, ҚР Жазушылар одағы, ҚР Ұлттық Кітап палатасы өкілдері, қытайтанушы мамандар, БАҚ өкілдері, студенттер, мектеп оқушылары қатысты.

Келген қонақтар Кітап көрмесін тамашалап, қытайдың шәй құю, киім тігу және кию мәдениетімен, иероглифті жазбаларымен танысуға кеңінен мүмкіндік алды. Мәдени шараны халықаралық «Көршілес» журналының атқарушы бас редакторы, акын Саят Қамшыгер жүргізіп отырды. Іс-шара серіктестері болып табылатын «Шанс» халықаралық мәдени алмасу ұйымы, «Шығыс әдебиеті» баспа компаниясы басқосудың қызықты өтуіне мұрындық болды.

«Әсем көріністі өлке» – Ван Мэннің 1960–1970 жылдары Шыңжаңдағы ауылдық жерге жіберіліп, жұмыс істеген кезінде жазған романы екен. Шығармада қытай мен мұсылман халқының ерекше тарихи кезеңдегі өмірі, тыныс-тіршілігі шынайы көрініс тапқан. Тіпті негізгі кейіпкерлерінің есімдері Сәлім, Мәжит, Болатжан, Құттыжан, Мұса, Шырынғұл, Шолпанхан, Райым, Зейнеп және т.б. осылай жалғаса береді. Халықаралық «Монделло» және Қытайдың бірнеше әдеби сыйлықтарының иегері, жазушы Ван Мэн қазіргі күні Қытайдың Орталық мәдениет және тарихи ғылыми-зерттеу институтында қызметкер болып еңбек атқарады. Ван Мэн мырза Қытайда «Халық өнер қайраткері» атағының иегері. Оның көптеген шығармалары Қытайда кеңінен танылып, оқырманның оң пікіріне ие болған. Ал солардың арасындағы бірегейі – «Әсем көріністі өлке» романы 9-шы «Мао Дун атындағы әдеби сыйлықпен» марапатталған.

Бұл романда Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі қарапайым ауыл өмірі суреттелген. Шығармада сондай-ақ, сол өңірдің тарихи мәдениеті және этникалық салт-дәстүрлері егжей-тегжейлі баяндалады. Нақты тарихи жағдай аясындағы мұсылман мен қытай арасындағы терең ауызбіршілік пен шынайы тұрмыс тіршілік ахуалы, достық қарым-қатынас сипатталған.

Басқосудағы бір ерекшелік, кітаптарды бұған лентаны қайшымен қимай, күрмеуінің шешілуі болды.

ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Б.Оспанованың, ҚР кітап палатасының төрағасы Ә.Қойтановтың, қытайтанушы ғалым, т.ғ.д., профессор Н.Мұқаметханұлының, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Д.Мәсімханұлының, кітап редакторы Ләйлі Ноғайбекқызының, Алматы қаласындағы ҚХР бас консулдығының өкілі Чжун Хуаның, Қытай «Жаңа Әлем» баспасының директоры Ли Чунькайдың екі томдық туралы пікірлері көпшілікті тебіrentіп, тәнті етті. Тұсаукесерге жиналған



қауымға романның сюжеті, оқиға желісі баяндалғаннан кейін тоқсан жасты алқымдаған жазушы Ван Мэннің бейнебаяны онлайн түрінде көрсетілді. «Мен кезінде Шыңжаң Ле-Қазақ автономиялы облысында ұзақ жыл тұрған едім, әр ұлт өкілдерімен көп араластым, әр ұлт халқың сүйемін. Ұйғыр халқы мен басқа да ұлттардың өмірінен көптеген шығармалар жаздым. Менің Ле өңіріндегі ауыл-қыстақ өмірі осы жазған шығармада жан-жақты қамтылған. Әрине, жарты ғасырдан бері, көптеген жағдай өзгерді. Шыңжаңда да зор өзгерістер бар. Ал халықтың өмірі, мәдениеті, ұлттар ынтымағы, ұлы отанның құдіретті топырағы дәл мен жазғандай әлі де жайнап тұр», – деді жазушы қазақ тілінде. Қытай жазушысының біздің мемлекеттік тілімізде жылы лебіз білдіргені үшін оқырмандар ду қол соғып, ризашылық білдірді.

Алматы қаласындағы ҚХР Бас консулдығының өкілі Чжун Хуа Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыс тек саяси, әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес, сонымен қатар мәдени сала бойынша да ынтымағы нығайып келе жатқандығын айтты.

Кеш соңында ҚР Ұлттық Кітап палатасы, әл-Фараби ғылыми кітапханасына екі томдық романды сыйға тартты.

Нұрлан ҚҰМАР,
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

САЙЛАУ – 2023

Әуезов ауданының
№9 сайлау округінен
Алматы қаласы
мәслихатының
депутаттығынан үміткер
Талмас БЕЙСЕМБАЕВ:

МЕН ҚҰР УӘДЕ БЕРМЕЙМІН!



Қазақстан – өзгеріс қарсаңында. Сайлау күні де таяп қалды, депутаттыққа үміткерлер сайлаушыларды қала тұрғындарының мүддесі бірінші орында екеніне сендіруге тырысуда. Көпшілігі біздің азаматтардың үмітін ақтаймыз деп отыр. Өкінішке орай, сайлауда жиі кездесетін тәжірибе: бұрын-соңды қоғамдық қызметпен айналыспаған, қала мен оның тұрғындарына жасаған пайдалы ісі болмаған адамдар кенеттен қандастарымыздың қалай өмір сүріп жатқанына алаңдай бастайды.

Неліктен мен Әуезов ауданының №9 сайлау округінен Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына үміткермін? Мен осы ауданда өстім, оқыдым, жұмыс істедім. Бұл жерде анам, әйелім, мен және төрт балам тұрады, көршілердің мүддесін менен артық кім қорғайды? Түптеп келгенде, бәріміз Қазақстан балаларын бақытты етуге тырысуымыз керек деп ойлаймын. Мен – кәсіпкермін. Мен ең басынан бастап табысты кәсіпорын құрдым, бюджетке төленетін салықтар бойынша сала көшбасшысымын. Кезінде ғылыми дәреже алуыма көмектескен қасиет – мәселені терең зерттеп, зерделеп, мұқият қарастыратыным. Жиырма жыл бойы өзім үшін еңбек еттім, енді қоғам үшін жұмыс істейтін кез келді.

7 жыл бойы қоғамдық жұмыстармен айналысып, қоғамға пайдалы болудың маңыздылығын дәлелдеп келемін. Сондықтан менің бағдарламам азық-түлік қауіпсіздігі мен қолжетімді азық-түлік бағасына негізделген. Мен сарапшы ретінде түрлі комиссиялар жұмысына қатысамын: Ауыл шаруашылығы министрлігі, қала әкімдігі, «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп шағын және орта бизнесті қолдаймын. Ал кейінгі 18 жыл бойы біздің кәсіпорнымыз азық-түлікті қолжетімді бағамен өндіріп келеді. Осының бәріне қарамастан, мен мұнда және дәл қазір бәрін өзгертемін деп айтпаймын.

Өкінішке орай, мәслихат депутаттарының өкілеттігі шектеулі, сондықтан шулы уәделердің орындалмай қалу қаупі бар. Сіздің депутатыңыз ретінде мен жекелеген лауазымды тұлғаларды немесе басқаларды олардың жұмысын бақылау үшін қоғамдық тыңдауларға шақыра аламын және депутаттық сауалдар жолдай аламын, онда қаржылық есеп беруді талап ете аламын, орындалған жұмыстың сапасын тексеріп, жұмыс орындалмаған жағдайда жауаптыларды жауапқа тарта аламын. Азаматтар мен қала шенеуніктері арасындағы өзара іс-қимыл процестерін, яғни алтын көпір орнату, сіздердің сұрақтарыңыздың жауапсыз қалмауын және мәселелердің шешілуін қамтамасыз ету менің құзыретімде болады.

Істен сөздің озғанын қаламаймын, сол қалпында айтамын. Менің қызметім туралы толығырақ talmas2023.kz сайтынан біле аласыздар. Сіздердің қолдауларыңызға үміттенемін және 19 наурыз күні келіп, лайықтыларға дауыс берулеріңізді сұраймын!

Республикалық бюджет қаражатынан төленді.
Тапсырыс беруші: Т.С.БЕЙСЕМБАЕВ.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

СЫЙЛЫҚ СЫРЫ

немесе WhatsApp-чаттағы әңгіме желісінен туындаған ой



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Қыз-келіншектердің, әйел-аналардың мерекесін де өткізіп тастадық. Өзіңіз де байқаған боларсыз, мейрам күні көше, дүкен, базар адамға лық толды. Бәрі жақындарын қуанту үшін сыйлық іздеп жүр. Торт алып жатқан, әтір иіскеп көріп жатқан, қызғалдақ құшақтап бара жатқан ер-азаматтарға қарап сүйсінесің еріксіз. Сыйлық іздеу де бір қарбалас негізі.

Біз бүгін сол мереке қарсаңындағы ерлердің емес, мұғалім апайға сыйлық әперу қарбаласы туралы бірер сөз айтпақпыз.

Мейрамнан екі күн бұрын 1-сыныптың ата-аналарының WhatsApp-чаты өбден қызды. Биыл мектепке жас маман боп келіп, 1-сыныпты жетекшілігіне алған, яғни мектепке тарыдай болып кірген балаларын оқытып жатқан апайға ақша жинау мәселесі көтеріліп жатыр.

– Не аламыз? – деді бірі.

– Алтын алайық, – деді екіншісі. Міне, осы сәтте біраз ата-ана үнсіз қалды. Үндейін десе, баласы үшін ақшасын аяп отырған сияқты көрінгісі жоқ. Ал үндемейін десе...

Осы кезде батылдау бір ата-ана:

– Мектепке барғанымызға алты ай ғана, еңбегі сіңсін әуелі, алтыны несі?! – деген жазба қалдырды. Біразы осы сөзді құткендей, «дұрыс айтасыз» деп жамырай жазып кетті сосын бірінен соң бірі чатқа.

Сонымен, түс ауды. Бірді-екілі белсенді ата-аналар сонда да қоймай жатыр. Жиналған ақшаға «Мегада» сөмке іздеп



жүрміз деп жазды чатқа екі әйел. Сөйтіп, «қайсысы әдемі, көріп жіберіңіздерші» деп үш-төрт сөмкенің суреттерін салып жіберді WhatsApp-қа.

«Мейлі, сөмке болса – сөмке. Балаларымызды оқытып жатыр ғой, қуанып қалсын апайымыз» деген чаттағы ата-аналар қоңыр түсті әдемі бір сөмкені таңдады.

● СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

«Бізде ақша жинатпайды, гүл де алдырмайды»

Жанар ЖЫЛАНДЫ:

– Өзімізге обал жоқ. Онымен қоймай әділ, жемқоры жоқ, пара алмайтын елде тұрғымыз келеді.

Асылбек БАЯЖҰМА:

– Бұл – бір ауру. Мұғалім оқушыға білім бергені үшін

жалақы алып отыр. Ал жағымпаз ата-аналар «ақша жинайық, сыйлық алайық» деп басқаларын әлекке салады. Қалғаны ұялғаннан береді. Бұл үрдіс барлық білім ұясында әлі жалғасуда.

Шынар ӘБІЛДА:

– Бізде ақша жинатпайды, гүл де алдырмайды. Бұл – менің балаларым оқитын мектеп директорының талабы.

Ләззат ТҰРМАҒАНБЕТОВА:

– Біздің апайымыз жаңа оқу жылының басында айтты, «ешқандай мерекеге, мұғалімдер күні немесе наурыз болсын, ешқандай сыйлыққа ақша жинамаңыздар» деп.

Алтын ЖҰМАТАЕВА:

– Осындай сыйлықтардың арқасы – бір сыныптың жартысы озат оқушы. Біздің заманда бір сыныптан көп дегенде бес-алты оқушы ғана үздік, екпінді болатын.

Самал ЖАЛЫМБЕТОВА:

– Жиналған ақшаға сыйлық алса жақсы ғой, біздің 1-сынып былтыр мұғалімге ақшалай береміз деп жинап, оның 30 мың теңгесін ата-аналар комитетінің басшысы болып жүрген әйел өзі пайдаланыпты. Ең қызығы, биыл 2-сыныпта сол екі әйел тағы белсеніп апайға ақша жинады. Алған затына түбіртек сұрасақ, «қандай адамсындар неге сенбейсіңдер» деп ұрсып бергені.

Ахмет ӨМІРЗАҚ:

– Мектепте басқа нәрсеге ақша жинаса жаратпаймын, ал балаларымыздың ұстазына бір мейрамда сыйлық беру артық емес. Бұл – өз ұстанымым.

P.S. Иә, қай ата-ана да баласына білім беріп жатқан ұстазға ілтипаты ретінде бір құшақ гүл сыйлауға тарыла қоймас. Бірақ бұл жердегі әңгіме бүгін ғана келген мұғалімге бірден «алтын сакина салайық саусағына» деген әңгімеден туындап жатқан әңгіме ғой. Алда 22 наурыз, соңғы қоңырау, мұғалімдер күні бар. Әрине, тағы жинаймыз. Өйткені, үйреніп кеткенбіз. Бірақ ылғи ақша бере алмай қалатын, үнсіз қалатын, жағдайы жоқ ата-аналарды ойлап жатпайтынымыз өкінішті...



ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ

ҰРЫЛАР ҚОЛҒА ТҮСТІ

Алматы қалалық криминалдық полициясының арнайы тобы мен Алатау аудандық полиция басқармасының қызметкерлері жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында шаһарда пәтер ұрлығымен айналысты деген топ мүшелерін ұстады.

Бұл іс бойынша Ахременко көшесінің бойындағы пәтерден жәбірленушілердің 75 мың теңге тұратын мүлкі жоғалып кеткен. Ұсталғандар заттай айғақ – қол сағаттардан құтылып үлгермеген, олар тәркіленді және қылмыстық іс материалдарына тігілді. Күдікті – 33 жастағы Т. есімді азамат, Алматы облысының тумасы, бұрын мүлдікті қылмыстар жасағаны үшін сотталған, оның сыбайласы – 29 жастағы Б. есімді азамат, ол да ұрлық жасағаны үшін бұрын сотты болған.

Сонымен қатар, ұрланған заттарды сатып алды деген



күдікпен 37 жастағы К. есімді азамат ұсталды. Ұсталғандар уақытша ұстау изоляторына тоғытылды. ҚР ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

ҚАРУ

ЖЕДЕЛ-АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАСЫ

Алматыда қоғамдық тәртіпті сақтау, атыс қаруын қолданумен жасалған қылмыстардың алдын алу және жолын кесу мақсатында ұйымдастырылған «Қару» жедел-алдын алу іс-шарасы аясында 147 заңсыз қару сақтау фактісі анықталды.

«Азаматтық және қызметтік қару айналымына тиімді мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды. Заңсыз сақталған қаруды анықтау үшін 38 топ құрылды. Жедел-алдын алу іс-шарасын өткізу кезеңінде барлығы 147 азаматтық және қызметтік қаруды сақтау, есепке алу және қайта тіркеу шарттарын бұзу деректері анықталып, нәтижесінде 145 жеке меншік иесі және 2 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Анықталған заң бұзушылықтар жойылғанға дейін 89 бірлік тіркелген қару тәркіленді.



Одан бөлек, заңсыз айналымнан 8 бірлік тіркелмеген қару, 1 бірлік жарылғыш зат, 549 мылтық патроны, 6 тегіс ұңғылы қарудың патроны, 10 травматикалық қарудың патроны, 5 дана суық қару, 2 жарықты-шулы граната тәркіленген.

ГАДЖЕТҚҰМАРЛЫҚ

АЛАЯҚ
ҰСТАЛДЫ

Алматы полициясы кемінде төрт азаматты алдап кеткен 18 жастағы жасөспірімді ұстады.



Тәртіп сақшыларының алдын ала мәліметі бойынша А. есімді азамат сауда және ойын-сауық орталықтарында шағын әлеуметтік ролик түсіру үшін келушілерден телефондарын сұраған. Әуезов аудандық полиция басқармасының басшысы Ұлан Әбілқайырдың айтуынша, жәбірленушілердің арасында күдіктінің танысы болған. Ол түсірілім сапасы маңызды екендігіне сендіріп, жәбірленушіден Apple iPhone 11 телефонын сұрап алған. Аңғал азамат жас жігіттің өтінішін орындаған. Қолына гаджетті алғаннан кейін күдікті жасырынып қалған. Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу барысында 18 жастағы А. есімді азамат ұсталды. Тергеудің осы кезеңінде оның төрт алаяқтық ісіне қатысы болуы мүмкін екендігі жоққа шығарылмайды. Олар бойынша сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне ҚР ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс тіркелгені белгілі болды.

Шаһардағы дәріханалардың бірінің қызметкерлерін тонап кеткен тонаушы тұтылды. Бірқатар ұрлық жасады деген күдікпен 39 жастағы ер адам ұсталған.

ТОНАУШЫ ТҰТЫЛДЫ

Бұл жөнінде Жетісу аудандық полиция басқармасының басшысы Жәнібек Шынасылов айтты. «Жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында 39 жастағы Р. есімді азамат ұсталды. Ол біздің ауданда орналасқан дәріханалардың қызметкерлерін тонады деген күдікке ілінген. Алдын ала мәлімет бойынша эпизодтардың бірінде, күдікті ем-шара бөлмесінен бөтен адамның телефонын ұрлап кеткен. Бейнебақылау жүйелерін талдағаннан кейін қаскөйдің дәріханаға қалай кіргені және жан-жағына қарап, ем-шара бөлмесінде телефонды көргені анықталды. Телефонды қолына алып, фармацевт келушілерден қолы босамай жатқанда, жайбарақат көшеге шығып кеткен. Ұсталған адамның өзі қылмысқа қатысы барын жоққа шығармайды. Бұл дерек ҚР ҚК-нің 188-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне енгізілді. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Тергеу жүргізілуде, – деді спикер.

SIM-BOX ТӘРКІЛЕНДІ

Мегаполисте алаяқтық тізбекке пайдаланылған SIM-box құрылғысы тәркіленді. Бұл туралы Алматы қаласы полиция департаменті басшысының орынбасары Дидар Аханов хабарлады.

Оның айтуынша, алматылық полицейлер «Мобайл Телеком сервис» компаниясының қауіпсіздік қызметкерлерімен бірлесе отырып телефон арқылы алаяқтық қылмыс жасаған күдіктілерді қолға түсірген. Әуезов ауданында мыңдаған телефон карталары мен құрылғы сақталған жасырын пәтер табылған. 34 жастағы күдікті SIM-карталарды тіркеп, Ресейдегі хабарлама хабына сатуға дайындаған. Аталған күдіктінің заңсыз әрекеті арнайы мамандардың көмегімен анықталды. Түрлі мобильді байланыс операторларының мың SIM-картасы, телефон нөмірлері бар деректер қоры және әртүрлі техникалық құрылғылар тәркіленді. Аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды. Жасырын пәтерді тінту барысында SIM-box құрылғысының 12 данасы, SIM-карта салуға арналған 432 слот, SIM-Bank анықталды.

POLISIA.KZ ХАБАРЛАЙДЫ

Журналистерге жасалған шабуылдарды ұйымдастырды деген күдікті ұсталды. Оның Қазақстан азаматы Клебанов (Маневич) Аркадий Сергеевич екені анықталды.

КҮДІКТІ
ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Жедел-тергеу тобы тарапынан редакциялар мен БАҚ өкілдеріне жасалған шабуылдар дерегі бойынша қылмыстық істі тергеу жалғасуда. Күдікті ұсталды және соттың рұқсатымен қамауға алынды. Ол істеген әрекетін мойындады. Барлық шабуылдарды өз бетінше ұйымдастырғанын мәлімдеді. Клебанов-Маневич құқыққа қайшы жоспарларын іске асыру үшін хакерлер тобы мен акцияларды орындаушыларды жалдаған. Арандату мақсаттары мен нұсқаларын өз бетінше тандаған. Орындаушыларға берілетін қаражатты криптовалюта операциясынан түскен пайда есебінен төлеп отырған. Тергеу жалғасуда, оның нәтижелері туралы қосымша хабарланатын болады.

ODARA

Алматы полициясы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың жаңа әдісін таныстырды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың ең тиімді құралдарының бірі «ODARA» әдістемесі. Жергілікті полиция қызметінің хабарлауынша, бұл әдіс алғаш рет «Әріптестік – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу құралы» атты форумда тыңдалды.

ЖАҢА ӘДІСТЕМЕ

Ол жерде Германия тәжірибесі жан-жақты қолдау тауып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың тиімді құралы ретінде бағаланды. «Осы форумда агрессорлармен жұмыс істеудің бұл әдісін бірқатар қалаларда, соның ішінде Алматыда енгізу туралы шешім қабылданды. Ол бірінші наурызда пилоттық режимде басталды. Бүгін біз отбасылық зорлық-зомбылық қаупін бағалау бойынша ведомствоаралық топ құру мақсатында «Дөңгелек үстел» өткіздік. Мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектор қосылды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың жаңа әдістемесінен оң нәтиже күтеміз», – деді Алматы қалалық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасы басшысының орынбасары Диас Дуанбеков.

ҚЫЛМЫС АШЫЛДЫ

Алматы полициясы 8 жыл бұрынғы кісі өлтіру қылмысының бетін ашты.

Қалалық криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері 2015 жылдың наурыз айында Алматының Түркісіб ауданында тіркелген кісі өлтіру дерегі бойынша қылмысты жасаған 30, 26 және 29 жастағы азаматтарды ұстады. Алматы қалалық Полиция департаменті басшысының орынбасары Дидар Аханов олардың үшеуінің де қамауға алынғанын мәлімдеді.

КӨЛІК
ҰРЛАҒАНДАР
АНЫҚТАЛДЫ

Алматыда көлік ұрлаған 2000 және 2004 жылы туған екі ер адам ұсталды.

Алдын ала болжам бойынша, олар «Айнабұлақ» ықшамауданындағы үйлердің бірінің ауласында тұрған көлікті ұрлаған. Криминалдық полиция бөлімі күдіктілерді із суытпай құрықтаған. Жетісу аудандық полиция басқармасының басшысы Жәнібек Шынасылов мәлімдегендей, күдіктілер өз қылмысын мойындаған. Аталған дерек бойынша ҚР ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс қозғалды. Ұрланған көлік тәркіленді. Ұсталғандардың осыған ұқсас басқа да эпизодтарды жасауға қатысы бар-жоғы анықталып жатыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: Polisia.kz сайты)



ҰЛТТЫҚ БАНК

«SALIŪT-1» коллекциялық
монеталарының сатылымы
басталғаны туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 9 наурызында «SALIŪT-1» коллекциялық монеталарының сатылымға шығатыны туралы хабарлайды.

«SALIŪT-1» коллекциялық монеталарын сату kazcoins.nationalbank.kz Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

«SALIŪT-1» коллекциялық монеталары туралы

Номиналы 500 теңгелік тантал бар күмістен және номиналы 200 теңгелік мельхиор қоспасынан жасалған SALIŪT-1 коллекциялық монеталары «Ғарыш» сериясын жалғастырады. Монеталар Байқоңыр ғарыш айлағынан басқарылатын әлемдегі алғашқы «Салют-1» орбиталық ғарыш станциясының ұшырылғанына 50 жыл толуына орайластырылған.



Монетаның сипаттамасы

Монета аверсінің орталық бөлігінде өткен мен бүгіннің байланысы ретінде адам мен Ғаламның бірлігін білдіретін композиция бейнеленген. Монеталардың оң жағында: тантал аралас күмістен жасалған монетада – «500 ТЕҢГЕ», мельхиор қоспасынан жасалған монетада – «200 ТЕҢГЕ» номиналын білдіретін жазулары бар.

Тантал бар күмістен жасалған монетадағы номиналдың астында монета жасалған металды, оның сынамасы мен массасын білдіретін «Ag 925 14,6 g Та 26,8 g» деген жазу орналасқан. Төменгі жағында – Қазақстан теңге сарайының логотипі бар. Жиегінде айналдыра мемлекеттік тілде «QAZAQSTAN RESPYBLIKASY» және ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазумен көмкерілген.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) ортасында «Салют-1» орбиталық ғарыш станциясының бейнесі орналасқан. Айналдыра – монеталардың мемлекеттік тілдегі, орыс және ағылшын тіліндегі аты, сондай-ақ оқиғаның мерейтойлық датасын білдіретін «1971–2021» жазуы бар. Сол жағында – ғарыштан көрінетін Жер бетінің бейнесі. Төменгі бөлігінде – ағылшын тіліндегі BAIKONUR жазуы бар.



Барлық монета нақты құны бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің кез келген түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық банкіндегі шоттарда аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Күмістен жасалған монеталар кәдесый орамында мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ нөмірлік сапа сертификатымен шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.

«AQQY» коллекциялық
монеталарының сатылымы
басталғаны туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 9 наурызында «AQQY» коллекциялық монеталарының сатылымға шығатыны туралы хабарлайды.

«AQQY» коллекциялық монеталарын сату kazcoins.nationalbank.kz Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

«AQQY» коллекциялық монеталары туралы

Номиналы 500 теңгелік күмістен және номиналы 200 және 100 теңгелік мельхиордан жасалған AQQY монеталары «Көшпенділердің ғибадат жанауарлары – тотемдері» сериясын жалғастырады. Бұл серия монеталарының дизайны «сактардың аң стилі» деп әсірелеп берілген жанауардың натуралистік және трафареттік кескінінің үйлесуіне негізделген. Көне түркілер ұғымында аққу ең ежелгі тотемдердің бірі, әулие ана және ұрпақ жалғастырушы пір – Ұмай болып саналған.



Номиналы 500 теңгелік «AQQY» монеталарының сипаттамасы

Монеталар алтын жалату технологиясымен және гауһар тасын қондыру арқылы айқындалды. Монеталардың бет жағы мен сыртқы келбетіндегі бейнелері бірдей. Бет жағында (аверсінде) ұлттық ою-өрнектің қоршауында соғылған жылы, номиналы, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі мен монета дайындалған металл, оның сынамасы мен массасы туралы жазба бар. Айналдыра – QAZAQSTAN RESPYBLIKASY • REPUBLIC OF KAZAKHSTAN деп жазылған.

Монеталардың екінші бетінде (реверсінде) диаметрі 2 мм гауһар орнатылған аққулардың натуралистік және трафареттік бейнесінен композиция, монетаның жоғары бөлігінде «AQQY» жазуы көрініс тапқан.



Номиналы 200 және 100 теңгелік «AQQY» монеталарының сипаттамасы

Монета аверсінің орталық бөлігінде ұлттық ою-өрнектің қоршауында Қазақстан Республикасының елтаңбасы, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі және монета дайындалған металл, оның сынамасы мен массасы туралы жазба бейнеленген. Айналдыра – QAZAQSTAN RESPYBLIKASY және REPUBLIC OF KAZAKHSTAN деп жазылған. Жоғары жағында соғылған жылын білдіретін «2021» деген жазу, төменгі бөлігінде номиналын білдіретін «500 TENGE» деген жазу орналасқан.

Монеталардың реверсінде аққулардың натуралистік және трафареттік бейнесінен композиция, монетаның жоғары бөлігінде AQQY жазуы басылған. Айналдыра декоративтік ресімдеу элементтері бар үлкен жиек жүргізілген.

Барлық монета нақты құны бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің кез келген түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық банкіндегі шоттарда аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Күмістен жасалған монеталар кәдесый орамында мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ нөмірлік сапа сертификатымен шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» gazetine 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым BIRGEMIZ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«7-20-25» бағдарламасы бойынша ақпарат

2023 жылғы 9 наурыздағы жағдай бойынша Алматы қ. банкттері жалпы сомасы 2 060 040,0 млн теңге болатын ипотекалық кредит алуға 131 421 өтінім қабылдады.

Олардың ішінен 465 579,5 млн теңге сомасына 29 290 өтінім мақұлданды.

Мақұлданған өтінімдер бойынша 203 717,9 млн теңге сомасына 13 288 қарыз берілді.

Барлық көрсеткіштер өспелі қорытындысымен «7-20-25» бағдарламасын іске асырыла бастаған сәттен бастап – 2018 жылғы шілдеден.

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығы қауымдастықтың вице-президенті Құсаинов Серік Досымханұлына анасы

Назима ҚҰСАИНОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері

Назима ҚҰСАИНОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДҮСҚАЛИЕВ
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖЫЛ ИЕСІ – «ҚАРАКӨК ҚОЯН»

табиғат сахнасының төріне шықты.
Бұл араға 144 жыл салып қайталанып отырған құбылыс



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Атақты Бекасыл жұлдызшының «Жұлдызнама» кітабының «Наурыздың белгісі» деген тарауында осындай жолдар бар. Осы күні Наурыздың ақша қары жауатын болған. Бұл – қазақы есеп бойынша, жылдың басы (14 наурыз). Ертеде ол «Наурыз-айт» деп мерекеленсе, қазір де «Көрісу» мерекесі ретінде аталып жүр. Халқымыз Наурыз мерекесін наурыз айының алғашқы күнінен бастап (ескіше 1 наурыз қазіргі 14-іне сәйкес), бір ай бойы мейрамдаған.

«...Көк қарға он бесінде келер,
Жиырма екісінде күн мен түн теңелер,
Бұл кезде жыл есебі берілер.
Хамал мен сәуір
Отыз бір күннен келер,
Сәуір кіргенде бәбісек шақырар.
Жыл жақсы болса
Ониақты күн бұрын шақырар...».

Сонымен «Көкше қоян» жылы басталды. Жылнамаға назар салатын болсақ, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» осы қоян («Көкше қоян») жылына тура келеді. 1867 жылғы қоян жылын қазақтар «жалпақ қоян жұты», 1879 жылғыны «үлкен қоян жұты», 1891 жылғыны «кіші қоян жұты», 1915 жылғыны «тақыр қоян жұты» деп атаған. Тым арыға бармай-ақ, 2011 жылғы 28 маусымда секундына 13 метр

жылдамдықпен соққан дауылдың салдарынан Алматыда 117 ағаш құлап, тау ішінде 500 мың ағаш опат болды.

Осы жылдың қысында: Орталық Еуропа мен Жерорта теңізінің жағалауынан бастап, Сібірге дейін аяз басты. Адамдар ғана зардап шегіп қойған жоқ, көптеген қалалар ақ қар, көк мұздың астында қалды. Өндіріс орындарында жұмыс ырғағы бұзылды. Ондаған әуе рейстері тоқтады. Еуропада – 110, Украинада – 63, Польшада – 29 адам аяз құрбаны болды. Ресейде – 64 адам үсіп өлді. Қазақстандықтар үшін де аз қиындық әкелген жоқ. Қостанайда 8 жасар оқушыны үсік шалса, Павлодарда жол үстінде қалған хоккей командасын түгелдей құтқаруға тура келген. Қарағандыда әскери офицер аяғын үсітіп алған. Қарағанды хайуанаттар бағының маймылдары күніне 50 грамм шарап ішіп, жылынғанын жазды газеттер.

Қазақ жылнамашылары 144 жылдық циклді жыл есебін қолданған. Бұл есеп бойынша, әр жыл он екі түрлі. Қоян жылын он екіге бөледі. Олар: Ақ қоян, Ор қоян, Қара қоян, Көк қоян, Көкше қоян, Сары қоян, Қызылқөз қоян, Қоңыр қоян, Сұр қоян, Сұрша қоян, Бұрыл қоян (жыңғыл арасында болады), Бөрте қоян (бөктерлерде болады).

Биыл «Көкше қоян» жылы. «Көкше қоян» жылы көктем құрғақ, жауын аз, шөп құнарсыз, қыс апатты, өте суық болады. Қыста қар аралас жаңбыр көп жауады да, жер көк мұзға айналып қатып қалады.

«Қоянның сақта, тәңірім, көкшесінен,
Тесілді тері шарық өкішесінен.
Терем деп қарасудың «үш бұрышын»,
Бөлінді тақыр шалбар бөкшесінен», – деген өлең бар екен. («Үш бұрыш» – суда болатын, жаңғақ тәрізді жеміс). «Көк қоян», «көкше қоян» жылдары көкшіл мал сергек, жазда тойынғыш, қыста қоңын сақтағыш келеді...



● БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ТАБИҒАТТЫҢ, ЖӘНДІКТЕРДІҢ, ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ
ҚИМЫЛЫНА ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ

- * Қар суына торғай шомылатындай болса, жаз ерте, мардымсыз болса, мезгілінен кеш шығады.
- * Бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады, шетінен ыдыраса, ауа райы жақсарады.
- * Құмырсқа сап түзесе, көктем шуақты болады.
- * «Сиырдың ораза ұстауы» уақытылы келсе (20–25 наурыз), көктем жайдары қалыпқа көшеді.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«СҮЙІКТІ МЕНІҢ
ПЕРІШТЕМ»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Авторы:
Бернард Шоу.
Күні мен уақыты:
11 наурыз,
сағат 18.30-да
басталады.

«КӨКТЕМ ӨРНЕГІ»
айрықша көрмесі

Өтетін орны:
Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты:
Көрмені наурыз айының 29-ына дейін тамашалай аласыздар.

«ШОПЕНИАНА», «БАХ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ТАҢУ»

Өтетін орны:
Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры.
Жанры:
Концерт
Күні мен уақыты:
12 наурызда,
сағат 19.00-де
басталады.

ДЕМАЛЫСЫҢЫЗ СӘТТІ ӨТСІН!

«МАҒАН НАЗАР АУДАР»



Өтетін орны:
Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Күні мен уақыты:
11-12 наурыз,
сағат 13.30,
15.40, 17.30,
19.00-де.

Жұбаныш ЖЕКСЕННІҢ
шығармашылық кеші

Өтетін орны:
Республика сарайы.
Ұзақтығы:
2 сағат
Күні мен уақыты:
13 наурызда,
сағат 19.30-да
басталады.

«ПИНОККИОНЫҢ
ШЫТЫРМАН ОҚИҒАЛАРЫ»

Өтетін орны:
Алматы Мемлекеттік куыршақ театры.
Авторы:
А.Н.Толстой.
Күні мен уақыты:
15 наурыз.
Сағат 12.00-де
басталады.